

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

Басқару институты

қолжазба құқығында

Ашимов Нуржан Маратович

**ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТЕТІГІН ЖЕТІЛДІРУ (АСТАНА
ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша
«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы

«7M04122 – Өңірлік даму» білім беру бағдарламасы бойынша Бизнес және басқару магистрі
дәрежесін алу үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші _____ э.ғ.к., профессор Кенесбаева Д.Ж.

Жоба қорғауға жіберілді: «_____» _____ 20__ ж.

Басқару институтының директоры _____ с.ғ.д., профессор Гаипов З.С.

Астана, 2023

МАЗМҰНЫ

| | |
|------------------------------------|--------------------|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... | 3 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР | МЕН |
| ҚЫСҚАРТУЛАР..... | 4 |
| КІРІСПЕ..... | 5 |
| НЕГІЗГІ БӨЛІМ..... | 8 |
| ҚОРЫТЫНДЫ..... | 38 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН | ДЕРЕККӨЗДЕР |
| ТІЗІМІ..... | 40 |
| ҚОСЫМШАЛАР..... | 42 |

Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

«Қазақстан 2050» стратегиясы;

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ;

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Заңы;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII Заңы;

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413-IV Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы;

«2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысы;

«Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 қазандағы № 250 қаулысы;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №820 және «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 64 және 17 ақпандағы №139 қаулылары;

«Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығы;

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығы.

Белгілеулер мен қысқартулар

| | | |
|------|---|-------------------------------------|
| АӘК | – | Атаулы әлеуметтік көмек |
| АҚ | – | Акционерлік қоғам |
| АҚШ | – | Америка құрама штаттары |
| АЕК | – | Айлық есептік көрсеткіш |
| ӘК | – | Әлеуметтік кәсіпкер |
| ЖІӨ | – | Жалпы ішкі өнім |
| ЖОЖС | – | Жылдық орташа жұмысшылар саны |
| ЖӨӨ | – | Жалпы өңірлік өнім |
| ЖОТ | – | Жылдық орташа табыс |
| ЖШС | – | Жауапкершілігі шектеулі серіктестік |
| ЖК | – | Жеке кәсіпкер |
| ЗТ | – | Заңды тұлға |
| МК | – | Микро кәсіпкерлік |
| ҚБ | – | Қоғамдық бірлестік |
| ҚҚ | – | Қайырымдылық қоры |
| ШОБ | – | Шағын және орта бизнес |
| ТМД | – | Тәуелсіз мемлекеттер достастығы |

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Шағын және орта бизнестің (бұдан әрі – ШОБ) ел экономикасына тигізетін ықпалы орасан зор. Бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытындағы шараларды ШОБ-тың қатысуынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Жыл сайын мемлекет тарапынан жеке кәсіпкерлікті реттеу және сүйемелдеу құралдары ішінара қайта қарастырылып, оңтайландырылуда. Нәтижесінде экономикадағы ШОБ-тың әлеуеті артуда. Мәселен, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы аумағында өз ісін дөңгелетіп жатқан белсенді ШОБ субъектілерінің саны 1 431 647 бірлікті құрап, оның мемлекеттің жалпы ішкі өніміндегі үлесі 33,5%-ға жетті.

Біріккен Ұлттар Ұйымының дүниежүзілік микро, шағын және орта кәсіпорындар күнінде жариялаған мақаласындағы мәліметтерге сәйкес әлемде экономиканы қалпына келтіруде микро, шағын және орта кәсіпорындар шешуші рөл атқарады, олар кәсіпорындардың шамамен 90%-ын құрайды. Бұл санаттардағы кәсіпорындар жұмыс орындарының 70%-ын қамтамасыз етіп, әлемдік жалпы ішкі өнімнің 50%-ын қалыптастырады [1].

Осыған орай, Қазақстан Республикасының экономикасындағы ШОБ-тың қосатын үлесін әлемдік деңгейге жеткізу мен әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің біріне айналу жолындағы перспективті жоспарының бастамасы ретінде 2022 жылы Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Бұл құжатта алға қойған мақсаттарға жету үшін алғышарттар, болжамды көрсеткіштер, жүзеге асырылуы қажет шаралар көрсетілген.

Аталған әлемдік деңгейдегі көрсеткіштерге жету жолында халықаралық тәжірибеге сүйену өте маңызды. Өйткені даму деңгейі мен сұраныстардың өзгеруіне байланысты, кәсіпкерлік саласы да едәуір өзгерістерге ұшырап, әртараптануда, соның бір дәлелі – «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымының пайда болуы мен оның даму тенденциясы.

Жеке кәсіпкерліктің «әлеуметтік кәсіпкерлік» атты жаңа түрі Қазақстан Республикасында ресми түрде 2022 жылы ғана қолданыла бастады. Алайда әлем елдерінде кәсіпкерліктің бұл түрі қарқынды дамып, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру, халықтың әл-ауқатын арттыру, жұмыс орындары құру және т.с.с. мемлекетке жүктелген міндеттерді шешуге үлкен септігін тигізуде.

Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағыттағы мемлекет болғандықтан, әлеуметтік мәселелерді шешуге жеке секторды барынша қатыстыру маңызды. Осыған орай «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық

сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII заңымен әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы енгізілді, сондай-ақ, Ұлттық экономика министрлігі арнайы тізімге енгізу ережесін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітті. Дегенмен бүгінгі күні кәсіпкерліктің жаңа санатының тізіміне енгуге өз ісін бастаушылар немесе қызмет етіп жатқан ШОБ субъектілері арасында қызығушылық өте төмен болып отыр.

Жобаның мақсаты. Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан қолдау тетігін қарастырып, дамыту қарқынын арттыру мақсатында оны әрі жетілдіру бойынша ұсыным әзірлеу болып табылады.

Аталған мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі **міндеттері** анықталды:

1) әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша тиімді халықаралық тәжірибемен танысу;

2) әлеуметтік кәсіпкерлер тізіміне енген кәсіпкерлердің және кәсіпкерлік саласындағы дамыту институтының ақпараты, статистикалық мәліметтердің негізінде талдау жасау;

3) зерттеулер нәтижесінде қолданыстағы қолдау тетігін жетілдіру бойынша ұсыным әзірлеу.

Зерттеу сұрағы – нарықтық экономиканың дамуы мен жаһандану үрдісінің кеңінен таралуын және мемлекеттік функциялардың барынша жеке секторға берілуін ескере отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау шараларының тиімділігі қандай?

Зерттеудің объектісі – Астана қаласындағы әлеуметтік кәсіпкерлік болып табылады.

Зерттеу пәні – әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қолдау тетігі болып табылады.

Зерттеу әдістері. Тақырып аясында зерттеу барысында абстрактілі-логикалық, есептік-конструктивті, сауалнама, экономикалық-статистикалық талдау әдістері қолданылады.

Болжам. Арнайы тізілімге енген әлеуметтік кәсіпкерлерге мемлекет тарапынан қаржылай және қаржылай емес қолдау шараларын дұрыс қолдану – экономикаға және әлеуметтік салаға мультипликативті әсерін тигізеді, атап айтқанда әлеуметтік қызметтерді көрсететін жеке меншік субъектілер арасында бәсекелестік туады, әлеуметтік осал топқа жататын азматтарға жұмыс орындары ашылып, әлеуметтік саладағы мәселелерді шешуге септігін тигізеді.

Практикалық маңыздылығы. Зерттелген тақырып шеңберінде әзірленген әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру шеңберінде нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсынымдар мемлекеттік органдарда қолданылуы мүмкін.

Магистрлік жобаның құрылымы мен көлемі. Магистрлік жоба кіріспе, әдебиеттерге шолу, зерттеу әдістері, талдау, зерттеу нәтижелері, қорытынды және дереккөздер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 41 бет. Пайдаланылған дереккөздерінің тізіміне 22 әдебиеттер және ақпараттық сайттардың атаулары кіреді. Магистрлік жоба 9 сурет және 4 кестемен безендірілген.

Жарияланымдар. «Международный опыт развития социального предпринимательства: возможности адаптации в Республике Казахстан (на примере города Астаны)» атты мақала 20.02.2023 жылы «Science and education in the modern world: challenges of the XXI century» атты XII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының электрондық журналында жарияланды [20].

Негізгі бөлім

1 Әдебиетке шолу

Әлеуметтік кәсіпкерліктің экономикаға тигізер әсерін қарастырудан бұрын бұл ұғымның теориялық негіздемелеріне тоқтау қажет. Кәсіпкерлік саласындағы аталған жана ұғым «әлеуметтік» және «кәсіпкерлік» сөздерінің тіркесінен құралған. Қолданысқа енген ұғымның кәсіпкерлік саласындағы нақты бағыты мен мақсатын айқындайтын – «әлеуметтік» сөзі болып отыр.

Кәсіпкерлік француз тіліндегі *entreprendre* – «әрекет жасау» сөзінен пайда болған. Азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза кіріс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына не шаруашылық жүргізу немесе мемлекеттік кәсіпорынды жедел басқару құқығына негізделген дербес, бастамашыл қызметі кәсіпкерлік болып табылады [2].

Кәсіпкерлік деп ежелден адамзаттың тұрмыс-тіршіліктегі пайда табу мақсатында сауда-саттықпен айналысуын атауға болады. Кәсіпкерлікті экономиканы қалыптастырушы негізгі бөлігі болғаннан болар, бұл ұғым анықтамаларының негізін экономистер қалаған. Кәсіпкерлік терминін ең алғаш рет 1725 жылы экономист Ричард Кэтильон өзінің «*Essai sur la Nature du Commerce en Général*» атты еңбегінде қолданған. Оның пайымдауынша, кәсіпкер – тәуекелдік жағдайына қызмет етуші адам [3].

Бұдан кейін белгілі француз экономисті Ж.Б. Сэй кәсіпкерлік терминіне өз анықтамасын берді. Сэй анықтаманы келтіру үшін тауардың шығу тегін үш операцияға бөліп қарастырды. Бірінші, тауарды ойлап табу үшін, ең бастысы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын зерттеу қажет. Екінші, өңделетін шикізаттан шығатын құндылыққа ие тауарды ойластыру керек. Үшінші, алдыңғы екеуімен ойлап тапқан тауарды өңдеп шығару үшін қол еңбегін тарту қажет. Осылайша, экономистің көзқарасы бойынша, бірінші операцияны жасайтын адам – ғалым. Екінші операцияны жасайтын фермер, мануфактурист немесе саудагер, жалпылай алғанда – кәсіпкер. Үшінші операцияға жауапты, алдыңғы екеуінің айтқанын жасайтын – жұмысшы [4].

Өз кезегінде американдық экономист Д.Б. Кларк Сэйдің аталған үш операциялық формуласын өзгертіп, анықтамасын берді. Оның пікірінше, өндіріс процесінде үнемі төрт фактор қатысады: бірінші, капиталдан; екінші, күрделі тауарлар-өндіріс құралдары және жер; үшінші, кәсіпкерлік қызметтен; төртінші, жұмысшының еңбегінен. Бұл ретте әр факторға өндірістік кірістен нақты үлесі беріледі: капитал капиталистке пайыз әкеледі, тауарлар-өндіріс құралдары және

жер иелеріне – рента; капиталистің кәсіпкерлік қызметі пайда әкеледі, ал жұмысшының еңбегі оны жалақымен қамтамасыз етеді [5].

XX ғасыр экономисі Йозеф Шумпетер кәсіпкерлік ұғымының енуі мен оның экономикалық дамуға әсері туралы жазды. Егер бұған дейін өндірістің үш факторынан (капитал, жер, еңбек) бөлек, кез келген мемлекеттің экономикасында ерекше орын алатын кәсіпкерлік қабілеттілікті төртінші фактор деп есептеген. Өйткені кез-келген тауар өндіруді, оның жаңа түрін ойлап табуы, жаңа идеяларды ортаға салатын адам – кәсіпкер.

Жоғарыда аталған және өзге де экономистер, философтар кәсіпкерлік ұғымына дәлірек анықтама беру үшін жер, капитал сияқты факторларды қарастырып, ең соңғы кәсіпкер адамның қатысуымен жасалатын нәтижені тауар ретінде қарастырды. Дегенмен қоғамның санасы мен тұрмыс-тіршілік деңгейінің жоғарлауы, ғылымдардың дамуы арқасында қызмет көрсету саласы да кәсіпкерліктің бір пайда табу көзіне айналды. Егер ежелде қызмет көрсету кезінде адамның жасаған жұмысы еңбекақымен бағаланса, экономика салаларының әртараптануы нәтижесінде кәсіпкерлік белсенділіктің артуына мүмкіндік берді.

Әлеумет (лат. *socium* – ортақ) – әлдебір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым. Олардың әлеуметтік мәдениеті де ортақ болады. Әлеуметтің ең жоғары түрі – тұтас әлеуметтік жүйе ретінде қоғам [6]. Қоғам – әлеуметтік философия, әлеуметтану және басқа гуманитарлық ғылымдарының негізгі орталық зерттеу категориясы болып саналады. Қоғамның қалыптасуы ежелгі заманнан бастау алады. Адамзаттың күнделікті өмірдегі тұрмыс-тіршілікте бір-бірімен қарым-қатынас орнату арқылы өмір сүруге бейімделген уақыттан басталған деп айтуға болады. Платон, Аристотель сынды ежелгі философ-ойшылдар өз еңбектерінде қоғамның қалыптасуы мен оның мемлекеттік жүйедегі орны туралы жазып кеткен. Алайда заманауи әлеуметтану теориялары XVIII-XIX ғасырларда енгізілген.

Әлеуметтанудың негізін қалаушы болып француз философы Огюст Конт болып саналады, ол ең алғаш рет бұл терминді 1839 жылы қолданған. Әлеуметтануды нақты ғылым ретінде француз философы Эмиль Дюркгейм танытса, бұл бағытта Маркс пен Вебердің де еңбектері аз емес. Кез келген интеллектуалды сала қоршаған ортаның әсерінен қалыптасады, сол сияқты әлеуметтану ғылымының дамуына тарихи оқиғалар, соның ішінде революциялар әсерін тигізді [7]. Соның бірі, Маркстің 1851-1852 жылдары жазған «*Der achtzehnte Brumaire des Louis Bonaparte*» еңбегіндегі қоғамды санаттарға бөлуі. Бұл еңбегінде шаруалар санатына жататын қарапайым халықтан құрылған қоғамның революциядағы жетістігі оның тұрмыс-тіршілігі жағдайына байланысты болуын қарастырған. Осылайша, экономикалық, саяси, экологиялық және физиологиялық факторлардың әсерінен қалыптасатын қоғамның санаттары жалпылай әлеуметті құрап, әлеуметтану ғылымы зерттейтін ең басты категориясы болып саналады.

Кәсіпкерлік саласының қарқынды дамуы жаңа көзқарастар мен бағыттар ашуда. Жаһандану заманында нарықтық экономика дамып, кәсіпкерлікті рөлі арта түсті. Яғни, мемлекеттің шаруашылық қызметке араласуы азайып, жеке сектордың дамуына жол ашылды. Дегенмен мемлекеттің негізін қалаушы қоғамның қажеттіліктері арта түсуде. Осы қажеттіліктерді қанағаттандыруға жеке сектор өз септігін тигізуде, соның бірі әлеуметтік кәсіпкерлік бағыты. Әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысатын бизнес субъектілерін әлеуметтік кәсіпкерлер деп атайды. Бұл термин өткен ғасырдың 80-жылдарында пайда болды және оны зерттеуге деген қызығушылық 1990 жылдары артты. Бұл ұғымның танымалдығын арттыруға үлкен үлес қосқан американдық бизнес-кеңесші Билл Дрейтонды «әлеуметтік кәсіпкерліктің өкілі әкесі» деп те атап кеткен. Ол 1980 жылы әлем бойынша әлеуметтік кәсіпкерлерді тауып, оларға қолдау көрсетуге бағытталған «Ашока» қорын құрған.

Алғаш рет 1997 жылы Ұлыбританияда М. Янгтың басшылығымен әлеуметтік кәсіпкерлік мектебі ашылды. Грамин банкінің құрылтайшысы Бангладеш банкирі, экономика профессоры М. Юнус әлеуметтік кәсіпкерлік теориясына теориялық негіздеме берді. Осы еңбегі үшін ол 2006 жылы Нобель сыйлығымен марапатталды.

М. Юнус қазіргі уақытта Еуропада және әлемде қолданылатын әлеуметтік кәсіпкерлікті анықтауға негізделген әлеуметтік кәсіпкерліктің жеті қағидасын тұжырымдады:

1. бұл бизнестің мақсаты пайданы ұлғайту емес, кедейліктің немесе кез келген басқа әлеуметтік мәселенің алдын алу/күресу;
2. қаржылық және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
3. инвесторлар өз инвестицияларын қайтарады, бірақ тек пайызсыз;
4. инвестиция қайтарылғаннан кейін компанияның пайдасы әлеуметтік мәселені одан әрі дамыту және шешу үшін пайдаланылады;
5. қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау;
6. жұмыс күші еңбек нарығына сәйкес келетін жалақы алады және еңбек жағдайлары жақсарды;
7. жұмысшылар қуанышпен жұмыс жасайды [8].

Бұл терминді академиялық зерттеу ретінде американдық экономист Григорий Диз 1998 жылы «әлеуметтік кәсіпкерлікті басқару» мақаласында ұсынды. Өз жұмысында экономист Джозеф Шумпетер, Жан-Батист сай, Питер Друкер және Ховард Стивенсонның анықтамаларын атап өтіп, оның анықтамасын береді және әлеуметтік кәсіпкерлерді өзгеріс агенттері деп атайды, өйткені олар:

әлеуметтік құндылықты құру үшін маңызды миссияны қабылдайды (тек жеке емес);

бұл миссияны шешу үшін әрқашан жаңа мүмкіндіктер іздейді;
үздіксіз бейімделу, инновация және оқыту процестеріне қатысады;
қазіргі уақытта бар нәрсемен шектелмей, батыл әрекет етеді;

қолда бар ресурстармен шектелмеген батыл әрекеттерге барады;
өз клиенттеріне қатысты өз қызметінің нәтижесі үшін үлкен жауапкершілік танытады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік қарқынды дамып келе жатқан шет елдерде арнайы қорлар шешуші рөл атқарады. Канадалық әлеуметтік кәсіпкерлік қоры «әлеуметтік кәсіпкерлік» терминіне келесі анықтама береді: «Әлеуметтік кәсіпкерлер - бұл қоғамның ең өзекті әлеуметтік мәселелеріне инновациялық шешімдер ұсынатын адамдар. Олар өршіл және табанды, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешеді және кең ауқымды өзгерістер үшін жаңа идеяларды ұсынады.

Қоғамдық қажеттіліктерді Үкіметтің немесе бизнес секторларының қалауына қалдырудың орнына, әлеуметтік кәсіпкерлер жұмыс істемейтін нәрсені тауып, жүйені өзгерту, шешімді тарату және бүкіл қоғамдарды жаңа қадамдар жасауға сендіру арқылы мәселені шешеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлер көбінесе өз өмірлерін қызмет бағытын өзгертуге арнайтын өз идеяларына әуес болып көрінеді. Олар екеуі де көріпкелдер және абсолютті реалистер, ең алдымен өз көзқарастарын іс жүзінде жүзеге асыруға қамқорлық жасайды» [9].

Экономика саласындағы шетелдік сарапшылар сондай-ақ әлеуметтік кәсіпкерлердің қызметі жаңа кәсіпорындарды іске қосу немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды инновациялық басқару арқылы қоғамдық әл-ауқатты арттыру мақсатында ықтимал тетіктерді зерделеуге, ашуға және іске асыруға бағытталғанын атап өтеді. Дәстүрлі кәсіпкер жеке әл-ауқатты арттыру мақсатын бірінші орынға қояды.

Осылайша, аталған көзқарастар мен берілген анықтамаларды түйіндей келе, әлеуметтік кәсіпкерлік құбылысында келесі маңызды компоненттерді ажыратуға болады. Олардың біріншісі әлеуметтік дамумен байланысты: кәсіпкер қызметінің нәтижелері әлеуметтік болмыспен байланысты; кәсіпкерлер капиталдың басқа түрлерімен байланысты әлеуметтік капиталдың әртүрлі нысандарын пайдаланады; кәсіпкерлер өз бизнесін іске асыру үшін құратын ұйымдар қоғамдық болып табылады, өйткені олар өз иелеріне тиесілі емес және пайда табуды өздерінің негізгі мақсатына айналдырмайды; бұл ұйымдар ұйымдар азаматтық қоғамның бір бөлігін құрайды; әлеуметтік кәсіпкерлер нақты, жергілікті қауымдастықпен тығыз байланысты. Екінші компонент кәсіпкердің өзін-өзі дамытумен байланысты: кәсіпкерлер әрқашан күтпеген жағдайлар тарапынан сынаққа тап болады; олар өз миссияларын орындау барысында белгілі бір проблемаларды жүзеге асырудан шабыт алады; әлеуметтік кәсіпкер әрқашан инноватор ретінде әрекет етеді, ол жаңа қызметтер мен ұйымдарды дамытумен айналысады [10].

2 Зерттеу әдістері

Аталған бөлімнің мақсаты зерттеу тақырыбымен байланысты деректерді пайдалана отырып, қарастырылып жатқан мәселені шешу үшін берілетін ұсынымдарды қалыптастыруға септігін тигізетін зерттеу әдіснамасын таңдау және негіздеу. Зерттеу әдістерінің ерекшеліктеріне байланысты деректер сапалық және сандық болып бөлінеді.

Осыған орай таңдалған тақырып бойынша сапалық әдіс ретінде ең бірінші әлеуметтік кәсіпкерліктің шығу тегі мен халықаралық тәжірибемен танысып, табылған ақпарат зерделенді. Жобада көтерілген мәселе дамыған елдерде жүйелі түрде шешіліп, даму жолына тұрғызылған. Әлем елдеріндегі әлеуметтік кәсіпкерліктің даму жағдайы мен оның қалыптасу тарихына толықтай тоқталу мүмкін емес, сол себепті халықаралық тәжірибені американдық, еуропалық және посткеңестік елдер модельдері деп бөлінді.

Әрине, әлеуметтік кәсіпкерлердің дәстүрлі қарапайым кәсіпкерлерден ерекшелігі – оның мейлінше пайдаға кеңейуді мақсат етпеуі. Сондықтан дамыған елдерде әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған кәсіп иелері, өзге де бағыттарда табысты бизнес жүргізіп отырған кәсіпкерлер. Оған бір мысал бай аukatты шетел кәсіпкерлерінің арнайы қорлар құрып, әлеуметтік мәселелерді шешуі.

Аталған үрдісті ескере отыра, кез келген мемлекетте әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы, сол мемлекеттің экономикасындағы кәсіпкерлік саласының әлеуетімен сипаттауға болады деп пайымдаймыз. Өйткені халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, бүгінгі күні әлеуметтік кәсіпкерлік едәуір дамыған мемлекеттердегі ШОБ-тың экономикадағы үлесі 50%-дан асады.

Сол себепті, қозғалған тақырыпты толық ашу үшін сандық деректер негізінде ұлттық статистика бюросының мәліметтері кең қолданылды. Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымының енді ғана енуіне байланысты, қазіргі таңда статистика бюросында бұл сала бойынша көрсеткіштер жоқ, тек жалпылама макро көрсеткіштер қолданылды.

Жеке сектор мен мемлекеттік органдардың арасында байланыстырушы көпір ретінде жұмыс атқаратын институт «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында ағымдағы жылы осы мәселені зерделеу мақсатында жаңа құрылымдық бөлімше құрылған. Осы құрылымдық бөлімше өз кезегінде әлеуметтік кәсіпкерлік саласына талдау жүргізген. Талдау нәтижесі сандық деректер ретінде бұл жұмыста да қолданылды.

Бұдан басқа, сандық және сапалық деректерді бірге қамтитын арнайы тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізілді. Тізімге енген

елордалық кәсіпкерлердің жеке жауаптарына сүйене отырып жасалған сауалнама нәтижесінде есептік-конструктивтік әдісті қолдана отырып, салыстырулар жүргізілген.

3 Талдау және зерттеу нәтижелері

«Thomson Reuters Foundation» халықаралық рейтингтік агенттігі алты жыл бұрын әлемнің 45 экономикалық белсенді елінде 900-ге жуық әлеуметтік кәсіпкерлік сарапшыларына қашықтықтан сауалнама жүргізді. Сарапшылардың, оның ішінде инвесторлардың, кәсіпкерлердің, мемлекеттік қызметшілердің сауалнамасының қорытындысы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлікпен айналысу үшін ең жақсы жағдайлары бар елдердің рейтингі жасалды. Сауалнамаға қатысушылардың 70 %-ы немесе 619-ы сауалнамаларға толық жауап берген. Әйел адамдардың үлесі 48%-ы құраған. Жүргізілген талдаудың нәтижесінде 45 елдің ішінде үздік бестікке АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Сингапур, Малайзия кірді. Посткеңестік елдердің ішінде бұл рейтингке енгені Ресей Федерациясы, оның орны – 31. Ал ең соңғы 45-ші орынды еншілеген Түркия Республикасы [11].

Сондықтан әлеуметтік кәсіпкерліктің жағдайы мен оны дамытудың халықаралық тәжірибесін үш модельге бөліп қарастыруға болады, олар:

- американдық модель (АҚШ және Канаданың мысалында);
- еуропалық модель (Италия және Ұлыбритания мысалында);
- ТМД елдерінің моделі (Ресей Федерациясының мысалында).

Американдық модель.

XIX ғасырдың аяғында АҚШ-та ел ішінде әлеуметтік теңсіздікті тудырған капитализмнің қарқынды өсуіне байланысты әлеуметтік қамсыздандырудың өткір мәселелерін шешу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты коммерциялық емес, үкіметтік емес және қайырымдылық ұйымдарының қарқынды өсуі байқалды, соның арқасында әлеуметтік кәсіпкерліктің берік негізі қаланды. Әлеуметтік маңызды бастамаларды әлеуметтік кәсіпкерлердің көмегімен шешудің осындай сценарийі Оңтүстік Американың көршілес аймақтарында және Канадада болды. Еуропада жағдай басқаша болды, өйткені әлеуметтік кәсіпкерлік аз дәрежеде дамыды, оның негізгі себебі Еуропа елдерінде әлеуметтік қорғау шығындары жалпы ішкі өнімнің 30 %-на жетті, ал Швецияда олар 60%-ға дейін жеткен.

Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы заңмен бекітілмегеніне қарамастан, кейбір штаттарда соңғы онжылдықта коммерциялық ұйымдарды әлеуметтік кәсіпорын ретінде танудың екі жүйесі қалыптасқан: төмен кірісті компания (low – profit limited liability company - L3C) және әлеуметтік корпорация (benefit corporation- BC). L3C немесе BC құқықтық мәртебесін алған ұйымдар үшін әлеуметтік пайдалы деп жіктелуі керек қызмет түрлерінің ашық тізімі бекітілген: қамтамасыз етілмеген немесе аз қамтылған азаматтарға немесе қоғамдастықтарға қызметтер мен тауарларды ұсыну, жеке тұлғалар мен қауымдастықтар үшін экономикалық

мүмкіндіктер беру (әдеттегі шаруашылық қызмет шеңберінде жұмыс орындарын құруды қоспағанда), қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау саласындағы қызметтер, өнерді, ғылымды және білім беруді дамыту, ынталандыру, қызметінің мақсаты әлеуметтік маңызы бар салаларда қызмет көрсету және қоршаған ортаны қорғау болып табылатын ұйымдарды қаржыландыру, қоғам мен қоршаған ортаға пайдалы қандай да бір өзге де белгілі мақсаттарға қол жеткізу.

АҚШ-та әлеуметтік кәсіпкерліктің қарқынды дамуы, ең алдымен, мемлекет емес, жеке қорлар бөлетін сыртқы қаржылық ресурстардың арқасында қамтамасыз етіледі. Онда қайырымдылық қорлары түріндегі жеке қолдау желісі жеткілікті дамыған, оның ішінде Рокфеллер, Кауфман қорлары, Робертс Даму Қоры, Голдман Сакс әлеуметтік кәсіпорындарының бәсекелестігін дамыту қоры [12].

Әдетте, мемлекеттік емес қорлар жобаны немесе бастаманы іске асырудың бастапқы кезеңінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық қолдау көрсетеді. Мемлекет сонымен қатар гранттық қаржыландыру және жеңілдетілген несиелеу арқылы әлеуметтік кәсіпорындарды қолдайды. Гранттың сомасы 1 ден 5 млн. АҚШ долл. дейін. Сондай-ақ, құрылтайшылары дивидендтер алмайтын, ал алынған пайда еңбекақы төлеуге жіберілетін әлеуметтік бағдарланған ұйымдарды салықтан босату қарастырылған.

Қызмет бағыттары бойынша АҚШ-тың әлеуметтік кәсіпорындарының 20 %-ы экономикалық дамуына бағытталған, 16 %-ы еңбек ресурстарын дамытуға, 12 %-ы энергетика мен қоршаған ортаға, 11%-ы білімге және 7%-ы халықаралық деңгейде жұмыс істейді [13].

Американдық модельге сай Канадада әлеуметтік кәсіпкерлікті реттейтін бірыңғай заңнама жоқ. Сондай-ақ, аталған елде әлеуметтік кәсіпорындардың саны туралы ресми статистика жоқ, бірақ олар мұны зерттеу арқылы анықтайды. Әдетте, Канададағы әлеуметтік кәсіпкерлер экономикалық, әлеуметтік, экологиялық құндылықтарды алу мақсатында тауарлар мен қызметтерді сататын коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. 2016 жылы Саймон Фрейзер және Мраунт-Роял университеттері «Канаданың кәсіпкерлік коммерциялық емес ұйымдары» ұйымымен бірлесіп жүргізген зерттеу деректеріне сәйкес Канадада 7 мыңға жуық әлеуметтік кәсіпкерлік ұйымдары анықталған.

Ұйымдық-құқықтық нысаны бойынша коммерциялық емес кәсіпорындар үш түрге бөлінетінін атап өткен жөн: қоғамдық, кәсіпкерлік, мемлекеттік. Қоғамдық және мемлекеттік коммерциялық емес ұйымдардың кірістер құрылымында көп бөлігін мемлекеттік қаржыландыру көздері алады, ал кәсіпкерлік коммерциялық емес кәсіпорындар тауарлар мен қызметтерді сату арқылы ақша табады. Канадалық коммерциялық емес ұйымдарды қаржыландыру әдістері АҚШ-қа ұқсас, олар мемлекеттік гранттар, жеке қорлар, бизнес-компаниялардың демеушілігі және жеке тұлғалардың қайырымдылықтары. Сонымен қатар Канадада барлық коммерциялық емес ұйымдар табыс салығынан босатылады

және олардың мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келмейтін коммерциялық қызметпен айналыса алады.

2018 жылдың басында қызмет бағыттары бойынша коммерциялық емес кәсіпорындар құрылымындағы негізгі үлесті денсаулық сақтау саласы – 41,5%, одан кейін білім беру саласы – 30,1%, үшінші орында әлеуметтік қызметтер саласы – 9,9% иеленді. Коммерциялық емес ұйымдармен шамамен 2,4 млн. адам жұмыспен қамтылған. Жұмыс орындарының 80% - ға жуығы оның қызметінің әлеуметтік маңызды бағыттарына тиесілі. Мәселен, жұмыс орындарының ең көп саны денсаулық сақтау саласында – 43%, білім беру саласында – 22%, әлеуметтік қызметтер саласында – 14% байқалады [14].

Еуропалық модель.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің еуропалық моделі американдық модельге қарағанда кешірек қалыптаса бастаған. Өйткені еуропа елдерінде әлеуметтік қорғау шығындары жалпы ішкі өнімнің 30%-на жетті, ал Швецияда олар 60% - ға жетті. Шығын көлемінің үлкен болуына қарай мемлекетке бұл міндетті орындауға коммерциялық кәсіпорындардан түсетін қайырымдылық қаражаттары көмектескен. Алайда уақыт өте келе, қайырымдылық көлемінің азаюына байланысты жұмыссыздық мәселесі туындай бастады. Осы уақытта туындаған мәселені шешу жолы ретінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды қолға ала бастаған.

Еуропа елдерінің ішінде мемлекеттік деңгейде әлеуметтік кәсіпкерлерге қолдау көрсеткен ел – Италия. Ең алғаш рет 1991 жылы итальяндық парламент әлеуметтік кооперативтер құру тетігі мазмұндалған заң жобасын қабылдаған. Аталған заңға сәйкес әлеуметтік кооперативтер екі түрге бөлінген:

1. А тобындағы кооперативтер (халықтың әлеуметтік осал тобына қызмет көрсетушілер);

2. Б тобындағы кооперативтер (өндірісте қызмет етушілердің кем дегенде 30%-ы халықтың әлеуметтік осал тобының өкілдері болатын тауар өндірушілер).

2006 жылы жаңа заң қабылданып, әлеуметтік кәсіпкерлік ұңымы одан әрі кеңейтілді. Бұдан былай экономикалық қызметті тұрақты жүзеге асыратын және әлеуметтік маңызы бар тауарлар өндіріп, қызметтерді көрсететін кез келген коммерциялық емес кәсіпорын әлеуметтік мәртебеге ие бола алатын болды.

2017 жылы Италияда әлеуметтік кәсіпорындар саны 102 461 бірлікті құраған, бұл әр 1 млн. халыққа шаққанда 1694 кәсіпорынды құрайды. Аталған кәсіпорындарды жұмыспен қамтылғандардың саны 894800-ге жеткен [15].

Әлеуметтік кәсіпорындардың қызмет көрсету салалары бойынша білім беру – 30,6%, денсаулық сақтау және әлеуметтік жұмыстар саласы – 27,1%, мәдениет және спорт – 8,3%, туризм, көмекші қызметтер – 7,6% құрайды, қаржы және сақтандыру – 6,7%, өзге салалар – 19,7% құрайды [16].

Италияда әлеуметтік кәсіпкерлерді қаржылай емес қолдау жеткілікті дамыған. Кәсіпкерлер мен әлеуметтік мәселелерді шешуге ынтасы бар

азаматтардың тәжірибемен бөлісіп, қолдау көрсететін қоғамдық және коворкинг орталықтар қызмет көрсетеді. Сонымен бірге акселераторлық орталықтар тиімді ұйымдастырылған. Бұл орталықтар келесі қолдау түрлерін көрсетеді: жаңа компанияларды құру, оларға физикалық қызметтерді қамтитын көмекші қызметтердің кең спектрін ұсыну, үй-жайлар, бизнесті дамыту жөніндегі іс-шаралар және желілерді біріктіру және құру мүмкіндіктерін беру.

Үдеткіш компания өмірінің алғашқы кезеңінде жұмыс істейді және оны тәлімгерлік қызметтерімен қолдайды және оның өсуі үшін қажетті қызметтерден басқа, жұмыс істеу үшін физикалық орындар қалыптастырады. Италияндық инкубаторлар мен үдеткіштер: make a Cube (Милан), Impact Hub Milan, Social Fare (Турин), Ашока Италия (Рим), Restartapp (Сыйлық, Вербано-Кузио-Оссола), Dialogue Place (Неаполь).

Италияда 162 инкубатор өз қызметін көрсетуде, соның ішінде 25-і мемлекеттің меншігінде, 35-і мемлекеттік жеке әріптестік меншігіндегі, 102-і жеке сектордың меншігінде.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту Ұлыбританияда 2000-шы жылдардан бастау алады. 2002 жылы британдық үкімет әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың бірыңғай стратегиясын дайындау жөнінде бастама жасаған. Дәл сол жылы жауапты орындаушы ретінде Сауда және өнеркәсіп министрлігі алғашқы стратегияны әзірлеп, ұсынған. Стратегия әлеуметтік кәсіпорындарды дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған келесі шаралардан тұрады: құқықтық және нормативтік реттеу, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуметтік жауапты жеткізушілерді таңдауға жәрдемдесу, қаржыландыру мүмкіндіктерін ұлғайту, бизнес-қолдау және оқыту, әлеуметтік кәсіпкерлікті танымал ету және осы секторға деген сенімді арттыру. 2004 жылы стратегияға «қоғамдастық мүдделері компаниясы» (community interest company) арнайы ұйымдық-құқықтық нысаны енгізілді. Сондықтан әрбір әлеуметтік кәсіпорын өзінің жарғысында тіркеген кезде негізгі әлеуметтік миссияны көрсетуді қажет етті. Осының арқасында үкімет мұндай компанияларды әлеуметтік миссияға сәйкес компанияның іс-әрекетін бақылауға мүмкіндік алды.

Әлеуметтік кәсіпорындар үшін айрықша немесе ерекше жеңілдіктер жоқ, дегенмен үкімет қолайлы бизнес-климат құру арқылы кәсіпкерліктің осы сегментін қорғайды. 2013 жылы 31 қаңтарда қабылданған «мемлекеттік қызметтерді іске асыру туралы» заңына сәйкес мемлекеттік органдар қызметтерге тапсырыс беру кезінде жергілікті қауымдастықтардың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық әл-ауқатына және жалпы жергілікті дамуға ықпал ететін нақты кәсіпорындар мен жеткізушілерді таңдайды. Мұндай жеткізушілер әлеуметтік кәсіпорындар немесе әлеуметтік жауапты компаниялар болуы мүмкін. Сонымен бірге 2014 жылдан бастап жеңілдік ретінде табыс салығын 30%-ға қысқарту енгізілген. Үкімет жеке сектормен бірлесіп 2012 жылы Big Society capital арнайы ұйымының құрған, ол әлеуметтік жобаларға инвестиция салумен, сондай-ақ

әлеуметтік бастамалар саласындағы стартап жобаларға инвестиция іздеумен айналысады. Арнайы инвестициялық ұйымның құрылу тарихы 2000 жылдан бастау алады, осы жылы Ұлыбритания үкіметі Futurebuilders ең ірі әлеуметтік әсер ету инвестициялық қорын құрған. Осы сәттен бастап көптеген өзгерістер болды, соның ішінде 2008 жылы «Белсенді емес банктер және құрылыс қоғамдарының шоттары туралы» заңы қабылданған. Бұл заң жұмыс істемейтін шоттардағы қаражатты жастарға қызмет көрсетуге, қаржылық қолжетімділікті қамтамасыз етуге және үшінші сектор ұйымдарына қаржылық немесе өзге де қолдау көрсету үшін әлеуметтік инвестицияларды көтерме банкке беруге пайдалануға мүмкіндік берді [17]. Мемлекет тарапынан қолдау ретінде айналымдағы қаражат сомасынан 25%-ға дейін жеңілдетілген несиелер ұсынылады. Несиенің максималды сомасы 50 мың фунт стерлингке тең. Бұдан басқа 300 мыңнан 500 мың фунт стерлингке дейін қайтарымсыз гранттар беріледі.

2015 жылғы мәліметтерге сәйкес Ұлыбританиялық әлеуметтік кәсіпкерлердің қызмет ету салалары бойынша бірінші орында білім беру – 18%, екінші орында бизнеске қызмет көрсету және консалтинг саласы – 17%, әлеуметтік жұмыс орындарын құру – 14%, бөлшек сауда – 11%, әлеуметтік қорғау – 10%, денсаулық сақтау саласы – 9% [18].

ТМД елдерінің моделі.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының құрамына енетін мемлекеттерде әлеуметтік кәсіпкерліктің даму жағдайы бір деңгейде деуге болады, өйткені кеңес одағынан мұра болып қалған саяси ерекшеліктерді ескере отыра әлеуметтік-экономикалық дамыдың жаңа бағыттарын құру нәтижесінде жеке сектордың даму үдерісінің қарқынды дамуына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік жеке ұғым ретінде ХХІ ғасырдың екінші онжылдығында қалыптаса бастады.

Жоғарыда аталған ұйымға мүше елдердің арасында алғашқылардың бірі болып Ресей Федерациясы заң жүзінде 2019 жылғы 26 шілдеде «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымын ресми түрде енгізген. Алайда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау мақсатында құрылған әлеуметтік саладағы инновациялар орталықтары 2010 жылы құрылып, бүгінгі күнге дейін қызмет етуде.


Қабылданған заңға сәйкес әлеуметтік кәсіпорын деп танылуы мүмкін шағын және орта бизнес субъектісі:

- әлеуметтік салада белгілі бір қызметті жүзеге асырады (білім, әлеуметтік қызмет, мәдениет және т. б.);
- азаматтардың белгілі бір санаттарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз етеді (мүгедектер, жалғызбасты ата-аналар, зейнеткерлер және т. б.);
- осындай санаттағы азаматтарға арналған қызмет көрсетеді, тауарлар немесе жұмыстар шығарады.

Әлеуметтік кәсіпкерлік саласына жауапты экономика министрлігі арнайы тізім жүргізеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша тізімге 3047 субъект енген. Әлеуметтік жобалардың көпшілігі қызмет көрсету саласында жүзеге асырылады,

сондықтан қызмет көрсету саласын дамыту қоғамға бағытталған жаңа кәсіпкерлік бастамалардың пайда болуына ықпал етеді. 2020 жылғы мәліметтер бойынша, әлеуметтік кәсіпорын мәртебесін алған ұйымдардың 16% – ы қосымша білім беру саласында, 13%-ы бала күтімі бойынша, 10%-ы дене шынықтыру және спорт саласында, 7%-ы денсаулық сақтау саласында қызмет көрсетеді [19].

Осы саланы дамыту мақсатында мемлекет тарапынан бірнеше қолдау түрлері қарастырылған оның ішінде: инфрақұрылымдық қолдау (бизнес-инкубаторлар, әлеуметтік саладағы инновациялар орталықтары), ақпараттық-маркетингтік қызметтер (бизнес жоспарлар дайындау, франшиза таңдау), қаржылай қолдау (8,5% мөлшерлемесімен жеңілдетілген несиелер, лизинг беру, 2,2-ден 6,3 %-ға дейін шағын несиелер, 500 мың рубльге дейін қайтарымсыз субсидиялар), салықтық жеңілдіктер.




1-сурет – Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикаға әсері

Ескертпе – [20] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

1-суретке сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік қарқынды дамып келе жатқан әлем елдерінің экономикасына осы кәсіпкерліктің тигізген әсерінің сандық мағынасын ескере отыра , ТМД-ға мүше елдерге халықаралық тәжірибені қолдана отырып, қабылдайтын шаралар аз емес. Соның бірі әлеуметтік кәсіпкерлерге алғашқы қаржылай қолдау көрсету мақсатында арнайы қор құру болып табылады. Көршілес мемлекеттік арасында әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымын заңнама жүзінде енгізіп, оны дамыту жолдарын қолға алған алғашқысы болып Ресей Федерациясы саналады.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызмет 2015 жылғы 29 қазанда қабылданған Кәсіпкерлік Кодекспен (бұдан әрі – Кодекс) реттеледі. Кәсіпкерлік саласындағы қалған құқықтық, заңға тәуелді актілер Кодекстің нормаларына сәйкес қолданылады. Кодекстің 2-бабына сәйкес азаматтардың, қандастардың және заңды тұлғалардың мүлікті пайдалану, тауарларды өндіру, сату, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету арқылы таза табыс алуға бағытталған, жеке меншік құқығына (жеке кәсіпкерлік) не мемлекеттік кәсіпорынды шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген дербес, бастамашыл қызметі Кәсіпкерлік болып табылады.

Кәсіпкерлік субъектілері жалдамалы жұмыскерлердің орташа жылдық санына және табыстардың орташа жылдық көлеміне қарай 2-суретке сәйкес үш санатқа бөлінеді: шағын кәсіпкерлік, оның ішінде микро, орта кәсіпкерлік және ірі кәсіпкерлік.



2-сурет – Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары

Ескертпе – [2] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының бірінші деңгейіне жататын Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясының 2-ші бағыты: «кәсіпкерлікті – ұлттық экономиканың жетекші күшін жан-жақты қолдау». Аталған бағыт шеңберінде ШОБ-тың жалпы ішкі өнімдегі үлесін 2030 жылға дейін кемінде екі есеге өсіру, кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін жетілдіру, әкімшілік бөгеттерді азайту, бизнестің дамуына бөгет жасаған шенеуніктер үшін қатаң жауапкершілік жүйесін енгізу қарастырылған.

Сонымен бірге келесі 3-ші бағыт «әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік» ең бастысы кедейшіліктің өсуіне жол бермеуді қарастырады. Аталған бағыт бойынша Президент былай

деген: «Жұмыс берушілер халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарын жұмысқа белсене тартып, оларды еңбекақымен қамтамасыз ететіндей жағдай туғызу қажеттігі маңызды. Ең алдымен, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты. Әлемнің дамыған елдерінде осылай жасайды. Біз олардың толыққанды еңбек етуіне жағдай туғызуға тиіспіз. Мемлекеттік жәрдемақыны тек шынымен нақты жұмыс істей алмайтындар ғана алуы тиіс. *Жұмысқа мүгедектерді алып, оларға жағдай жасайтын компаниялар мен корпорацияларды көтермелеу керек*».

Осы тапсырмаға қарамастан, әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы немесе оны дамыту тетігі мемлекеттік жоспарлау жүйесіне кіретін стратегиялық және бағдарламалық құжаттарда ескерілмеген.

Мысалы, Президенттің тапсырмасына сәйкес салалар бойынша Ұлттық жобалар әзірленіп, бекітілді. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылға 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілді. Ұлттық жобаны әзірлеудің мақсаты:

Кәсіпкерлік құрылымындағы сапалы өзгерістерді қамтамасыз ету:

- халықты жұмыспен қамтуды арттыру мақсатында шағын бизнесті дамыту;
- экономика салаларын әртараптандырудың драйвері – орта бизнеске сүйену;
- кәсіпкерлік субъектілері үшін тең жағдайлар – бәсекелестікті кешенді дамыту.

Ұлттық жобаны жүзеге асыру арқылы келесі экономикалық әсер қарастырылған: ЖІӨ-дегі ШОБ үлесін 35 %-ға дейін жеткізу. ЖІӨ-дегі туризм көлемінің өсуі 8,4 трлн. теңге. Мемлекеттің экономикадағы үлесін 14 %-ға дейін төмендету. 995,3 мың жұмыс орнын құру. Әлеуметтік әсерлерге мыналар жатады: Азаматтарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру – 1,7 млн адам; Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларымен қамту – 3,5 млн адам; Табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен ауыл халқы үлесінің азаюы – 6,5%. Аталған көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар ішінде арнайы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мақсаты бекітілмеген.


Алайда, арада жарты жыл салып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы енгізілген.

Сонымен, бір-біріне байланысты екі стратегиялық және бағдарламалық (ұлттық жоба және тұжырымдама) құжаттардағы сәйкессіздік фактісі айқындалып отыр.

Бүгінгі күні республиканың өзге өңірлерімен салыстырғанда ШОБ-тың негізгі көрсеткіштері бойынша Астана қаласында оң динамика қалыптасуда. ШОБ-тың ЖӨӨ-дегі үлесін 50%-ға жеткізу туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын алғаш болып Астана қаласы орындаған. Бүгінгі күні ШОБ-тың қала экономикасына әсері дамыған мемлекеттердің деңгейіне дейін жеткен. 3-суретке сәйкес

2021 жылдың қорытындысы бойынша елорда экономикасындағы ШОБ-тың үлесі 59%-ды құрап, өңірлер арасындағы көшбасшылықты сақтап қалды. Дәл осы кезеңдегі ШОБ-тың үлесі ЖІӨ-дегі үлесі 33,5%-ға жеткен.

Бұдан басқа, ШОБ-тың даму ахуалын сипаттайтын өзге де негізгі статистикалық көрсеткіштер бойынша үдемелі өсу қарқыны байқалуда. Жаңа астананың бой көтеруінің қысқа тарихына қарамастан, кейбір көрсеткіштер бойынша көшбасшылар қатарына кіреді.



3-сурет – Астана қаласының ЖӨӨ-дегі шағын және орта бизнестің үлесі.

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес 1-кестеде Астана қаласының ШОБ-саласындағы негізгі көрсеткіштері келтірілген. 2022 жылдың қорытындысы бойынша қызмет етуші ШОБ субъектілерінің жалпы тіркелгендер көлеміндегі үлесі 2018 жылмен салыстырғанда 76,9%-дан 88%-ға дейін өскен. 2019-2021 жылдар аралығында жалпы экономикалық белсенді қала тұрғындарының ШОБ-та жұмфспен қамтылғандарының үлесі төмендегенімен 2022 жылдың бірінші жартыжылдығында бұл көрсеткіш 71,5%-ға жеткен.

1-кесте – Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес ШОБ-тың даму көрсеткіштері

| Көрсеткіштер | 2018 жыл | 2019 жыл | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
|-------------------------|----------|----------|----------|----------|----------|
| Тіркелген ШОБ (бір.) | 162 128 | 167 183 | 173 837 | 191 109 | 232 081 |
| Соның ішінде: | | | | | |
| - шағын бизнес ЗТ | 64 047 | 68 552 | 72 011 | 77 339 | 86 301 |
| - орта бизнес ЗТ | 292 | 238 | 241 | 269 | 265 |
| - ЖК | 97 548 | 98 364 | 101 144 | 112 921 | 144 372 |
| Қызмет етуші ШОБ (бір.) | 124 685 | 134 475 | 144 769 | 163 017 | 204 308 |
| Соның ішінде: | | | | | |
| - шағын бизнес ЗТ | 40 887 | 47 395 | 52 121 | 57 496 | 67 087 |
| - орта бизнес ЗТ | 251 | 227 | 234 | 264 | 264 |
| - ЖК | 83 339 | 86 559 | 92 057 | 104 750 | 135 891 |

| | | | | | |
|---|---------|---------|---------|---------|----------|
| <i>Тіркелген ШОБ субъектілер көлеміндегі қызмет етушілердің үлесі (%)</i> | 76,9 | 80,4 | 83,3 | 85,3 | 88 |
| ШОБ-та жұмыспен қамтылғандар (бір.) | 374 559 | 387 879 | 398 158 | 415 469 | 444 329* |
| Соның ішінде: | | | | | |
| - шағын бизнес ЗТ | 211 719 | 221 075 | 229 821 | 237 284 | 253 549 |
| - орта бизнес ЗТ | 28 758 | 31 032 | 28 943 | 29 209 | 30 970 |
| - ЖК | 133 691 | 135 321 | 138 868 | 148 330 | 158 938 |

1-кестенің жалғасы

| | | | | | |
|---|---------|---------|---------|---------|----------------------|
| Экономикалық белсенді халық (бір.) | 531 287 | 579 352 | 590 676 | 608 431 | 621 104* |
| <i>Экономикалық белсенді халықтың жалпы санындағы ШОБ-та жұмыспен қамтылғандардың үлесі (%)</i> | 70,5 | 66,9 | 67,4 | 68,2 | 71,5* |
| ШОБ субъектілерімен өндірілген тауарлар мен қызметтер (млрд.тг.) | 4 886,2 | 6 460,2 | 6 634,6 | 8 112,9 | 4 736,7* |
| Соның ішінде: | | | | | |
| - шағын бизнес ЗТ | 3 695,9 | 5 077,9 | 5 347,4 | 6 458,6 | 4 109,6 |
| - орта бизнес ЗТ | 980,8 | 1 155,4 | 1 112,4 | 1 321,9 | 511,3 |
| - ЖК | | 226,8 | 174,8 | 332,3 | 215,7 |
| <i>ЖӨӨ-дегі ШОБ-тың үлесі (%)</i> | 48,6 | 55,1 | 56,8 | 59 | 75,7 (жедел ақпарат) |
| <p>Ескертпе 1 [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған; 2 *-қаңтар-маусым.</p> | | | | | |

Астана қаласында бизнесті қолдау үшін келесі мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар іске асырылуда:

- Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында:

1) банктердің/даму банкінің/лизингтік компаниялардың кредиттері/лизингтік мәмілелері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

2) кәсіпкерлерге берілген банктердің/даму Банкінің кредиттеріне ішінара кепілдік беру;

3) кәсіпкерлер мен индустриялық аймақтар жобаларының жетіспейтін инфрақұрылымын қамтамасыз ету;

4) инновациялық және жаңа бизнес идеяларға мемлекеттік гранттар беру.

Пайыздық мөлшерлеменің бөлігін субсидиялау мен кепілдендіру ШОБ субъектілері үшін екінші деңгейдегі банктер ұсынатын несиелерді арзанатып, қолжетімділігін арттыруды көздейді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша карантиннен кейінгі кезеңде бизнесті қолдау мақсатында «Бизнестің жол

картасы-2025» шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлер кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлеме былтырғы жылға дейін 6% деңгейінде болған (базалық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты ағымдағы жылы өзгертілген). ШОБ объектілеріне жеткіліксіз инфрақұрылымды жеткізу – экономиканың басым салаларында жұмыс істейтін ШОБ объектілерін сумен, жылумен, газбен жабдықтау, телефон желісін қондыру, бу қондырғыштарын салуды қарастырады. Ал қйтарымсыз грант экономиканың басым салаларында жүзеге асыруға дайын жаңа бизнес идеясы бар кәсіпкерге немесе қызмет жасап тұрған бизнесті одан әрі жетілдіруге бағытталады. Бұл бес миллионға дейінгі қайтарымсыз грант конкурс өткізу арқылы шағын бизнес субъектілеріне беріледі.

- Жергілікті бағдарлама – «Астана бизнес». Бұл бағдарлама қала әкімдігі мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ бірлесіп жүзеге асырып жатқан бизнесті қолдау құралы болып саналады. Жеңілдетілген несие салалық шектеулерсіз, ең жоғары сомасы: ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін – 50 млн.теңге; жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер үшін – 100 млн. теңгеден беріледі. Қаржыландыру мерзімі 7 жылға дейін, айналым қаражатын толықтыруға – 3 жылға дейін, сыйақы мөлшерлемесі жылдық мөлшерлеме 8,5%-дан аспайды.

- 2017 жылдан 2021 жылға дейін «Еңбек» Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын бизнес субъектілеріне микрокредит беру тетігі жұмыс істеді. Кредиттің ең жоғары сомасы 8 000 АЕК-ке дейін, ставка 6%-дан аспайды, кредиттеу мерзімі 5 жылға дейін. Көп балалы және аз қамтылғандар үшін ерекше шарттар қолданылды: ставка 4% - дан аспайды, несие мерзімі 7 жылға дейін (мерзімі аяқталған, алайда несие қайтарылған қаражат есебінен револьверді жолмен берілуде).

2019 жылдан бастап 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жоғарыда аталған бағдарламалары шеңберінде жалпы сомасы 315,2 млрд. теңгеге 4 860 жобаға қолдау көрсетілді, оның ішінде

2019 жылы 27,2 млрд. теңгеге 373 жоба,

2020 жылы – 64,1 млрд. теңгеге 752 жоба,

2021 жылы – 117,8 млрд.теңгеге 1 787 жоба.

2022 жылы – 106,1 млрд. теңгеге 1 948 жоба.

Бүгінде республикалық деңгейде «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына қаржылай емес қолдау көрсету бойынша функциялар бөлінген. Кәсіпкерлер палатасының өңірлік филиалдарының алаңдарында бухгалтерлік есеп жүргізу, салық салу, заңдық сүйемелдеу және т. б. мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсетіледі.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтер мен ШОБ-ты қолдау бағытындағы жүзеге асырылып жатқан бағдарламалардың нәтижесі Астана қаласында әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына үлкен әлеует бар екенін көрсетеді.

Жалпы, «Әлеуметтік кәсіпкерлік» жаңа термині Қазақстанда жақында пайда болды, оның мәртебесі 2021 жылы заңнамалық актілерге толықтырулар енгізу

арқылы бекітілді, бұл ретте терминді ресми қолдану 2022 жылғы 1 қаңтардан басталды (2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII Қазақстан Республикасының Заңы).

Мәселен, Кодекске сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін кәсіпкерлік субъектілерінің коммерциялық қызметі болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкер болу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі кәсіпкерлік саласындағы уәкілетті орган жүргізетін арнайы тізілімге кіру қажет.

Кодекстің 79-4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы № 773 қаулысымен әлеуметтік кәсіпкерлік тізілімін жүргізу қағидалары бекітілді (бұдан әрі – Қағидалар).

Қағидалардың талабына сай тізілімге кіру үшін өтініш беру үшін кәсіпкерлік субъектісі қолданыстағы төрт санаттың біреуінің шарттарына сәйкес келуі керек.

Бірінші санатқа халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы азаматтарды штат санының кемінде 50%-ы, бірақ кемінде екі адам мөлшерінде тұрақты жұмыспен қамтамасыз ететін экономиканың кез келген саласының кәсіпкерлері кіре алады. Сондай-ақ мұндай қызметкерлерге еңбекақы төлеу шығысы еңбекақы төлеу қорының кемінде төрттен бірін құрауы тиіс.

Екінші санатқа халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан азаматтарға өздері өндірген тауарлар мен қызметтерді сатуға көмектесетін кәсіпкерлік субъектілері жатады. Бұл ретте осы көмектен түсетін табыс кәсіпкердің жиынтық табысының жартысынан астамы болуға тиіс.

Үшінші санатқа мүмкіндігі шектеулі жандар үшін тауарлар, заттар өндірумен, жұмыстарды орындаумен және қызметтер көрсетумен айналысатын кәсіпкерлік субъектілері және олардың тыныс-тіршілігінің шектеулерін еңсеруге немесе өтеуге мүмкіндік беретін әлеуметтік осал топтардың басқа санаттарындағы азаматтар жатады.

Төртінші санатқа білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және қоршаған ортаны қорғау саласында қызмет көрсету саласында өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері жатады.

Бірінші және екінші санатқа енгізу шарттарында көзделген халықтың әлеуметтік осал топтарына: барлық санаттағы мүгедектер, мүгедек баланы тәрбиелеп отырған ата-аналар, зейнеткерлер және зейнеткерлік жасқа дейінгі азаматтар (зейнеткерлік жасқа дейін бес жыл ішінде), балалар ауылдарының тәрбиеленушілері мен балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар (босатылғаннан кейін он екі ай ішінде), белгілі бір тұрғылықты жері жоқ, аз қамтылған адамдар, көп балалы немесе толық емес отбасылар, көп балалы аналар және қандастар жатады.

Кодекстің 232-1 – бабына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың келесі түрлері қарастырылған:

1) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін қолдау инфрақұрылымының болуын қамтамасыз ету;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салықтық жеңілдіктер беру;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылай қолдау көрсету (оның ішінде екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне және мүлікті мүліктік жалдауға (жалға) ақы төлеуге субсидиялау беру шеңберінде);

4) мемлекеттік мүлікті «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға) беру;

5) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне ақпараттық қолдау көрсету;

6) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне консультациялық және әдістемелік қолдау көрсету, акселерациялық бағдарламалар арқылы дамыту.

Ұлттық экономика министрлігі бұл бағытты дамытуға жауапты орган ретінде, Кодексте жоғарыда көрсетілген бабының 3-ші тармақшасына сәйкес қаржылай қолдауға қолжетімділікті арттыру мақсатында 2023 жылдың басында Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасында көзделген несиелердің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау, кепілдендіру және грант ұсыну тетіктеріне өзгерістер енгізді.

2-кесте – НҚА-ға енгізілген өзгерістер.

| Қолдау түрі | Қабылданған НҚА | Ескі редакция | Жаңа редакция |
|---|---|---|---|
| ШОБ субъектілеріне берген несиенің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау | Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 17 ақпандағы № 139 қаулысы | Қатысушылар: экономиканың басым секторларында меншікті және тиімді жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер/индустриялық қ-инновациялық қызмет субъектілері | Қатысушылар: экономиканың басым секторларында меншікті және тиімді жобаларды іске асыратын немесе іске асыруды жоспарлайтын кәсіпкерлер/индустриялық -инновациялық қызмет субъектілері, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау салалық шектеулерсіз және жобаны тіркеу және іске асыру орны ескерілмей жүзеге асырылады. |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | <p>Пайыздық мөлшерлеме: экономиканың басым секторларындағы ШОБ субъектілері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған, оның 6%-ын кәсіпкер төлейді. Әлеуметтік кәсіпкер үшін болмаған.</p> | <p>Пайыздық мөлшерлеме: экономиканың басым секторларындағы ШОБ субъектілері үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған, оның 13,75 %-ын мемлекет субсидиялайды (бүгінгі күні 8%);</p> |
|--|--|--|--|

2-кестенің жалғасы

| | | | |
|---|--|--|---|
| | | | <p>Әлеуметтік кәсіпкерлер үшін: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген және 5 (бес) пайыздық тармаққа ұлғайтылған, оның 14,75 %-ын мемлекет субсидиялайды (бүгінгі күні 7%). Несиенің сомасы инвестициялық мақсатқа - 1,5 млрд. теңгеге дейін, айналым қаражатын толтыру үшін – 500 млн. теңгеге дейін.</p> |
| <p>Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру</p> | <p>Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы № 64 қаулысы</p> | <p>Қатысушы: экономиканың басым секторларында шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге, ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өтеусіз негізде беріледі. Жеңілдіктер: осы мақсатқа бөлінген 20 %-дан аспайтын қаражат халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын шағын кәсіпкерлерге бағытталады. Кәсіпкер – шағын кәсіпкерлік субъектісі,</p> | <p>Қатысушы: экономиканың басым секторларының тізбесі бойынша экономиканың басым секторларында ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкерлерге. Кәсіпкер – заңды тұлға құрмай-ақ дара кәсіпкер болып табылатын шағын кәсіпкерлік субъектісі, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі, ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер, ісін жаңа бастаған кәсіпкер, «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасына</p> |

| | | | |
|---|--|--|----------|
| | | оның ішінде ісін жаңа бастаған жас кәсіпкер, ісін жаңа бастаған кәсіпкер | қатысушы |
| Ескертпе – [2] дереккөз негізінде автормен құрастырылған. | | | |

Сонымен бірге «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 74-бабына сәйкес коммуналдық меншіктегі тұрғын емес үй-жайларды жалға беру қағидасына сәйкес «Astana» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ өңірлер арасында ең алғашқы болып әлеуметтік кәсіпкерлерге арнайы жеңілдетілген талаптар қабылдады (жаңа Ережелер «Astana» ӘКК» АҚ басқармасының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 89 хаттамасы). Қабылданған Ережелерге сәйкес арнайы тізімге енгізілген әлеуметтік кәсіпкерлер үшін жалға берілетін тұрғын емес үй-жайлардың 20 %-ы қарастырылған. Егер қарапайым кәсіпкерлер үшін іріктеу тендер арқылы өткізілсе, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін конкурстық отырыс арқылы ұсынылады. Сонымен бірге жеңілдетілген бағалық айырмашылықтар да көзделген.


Тендер арқылы ұсынылатын тұрғын емес үй-жайлардың шаршы метрі:

- жертөле 1000-3000 теңге;
- 1-ші қабаттағы 2000-3300 теңге;
- жеке тұрған 2800-3000 теңге.

Әлеуметтік кәсіпкерлерге ұсынылатын тұрғын үй-жайлардың шаршы метрі:

- жертөле 800-1500 теңге;
- 1-ші қабаттағы 1100-1700 теңге;
- жеке тұрған 1200-1600 теңге.

Дегенмен, бүгінгі таңда Кодексте айқындалған кейбір нормаларды жүзеге асыру бойынша сәйкесінше заңға тәуелді актілер немесе қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер қабылданбаған, оның ішінде салықтық жеңілдіктер, ақпараттық және әдістемелік қолдау бойынша. Бұл өз кезегінде әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуына кері әсерін тигізуде. Қағидаларға сәйкес арнайы тізімге енгізу жұмыстары 2022 жылғы 1 қаңтарда басталған. Бір жыл ішінде, яғни 2022 жылғы 31 желтоқсанға дейін республика бойынша тізімге 92 кәсіпкер енген, соның ішінде Астана қаласы бойынша 23 кәсіпкер. 4-суретке сәйкес бұл өте төмен көрсеткіш, өйткені тізімге енген Астаналық кәсіпкерлердің белсенді ШОБ субъектілерінің жалпы көлеміндегі үлесі 0,012%-ды құрайды. Егер дәл осындай көрсеткішті республика деңгейінде қарасақ, көрсеткіштер бұдан да төмен. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасында белсенді қызмет етуші ШОБ субъектілерінің саны 1 818 764 бірлікті құраған, ал тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлер – 92, яғни жалпы көлемдегі үлесі 0,005%.



4-сурет – Елорданың жұмыс істеп тұрған ШОБ-тың жалпы санындағы әлеуметтік кәсіпкерлер тізіліміне енген I, II, III, IV санаттағы кәсіпкерлердің үлесі

Ескертпе – [20] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

Магистрлік білім алу бағдарламасы шеңберінде Астана қаласының инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасында өткен өндірістік тәжірибе аясында басқарманың жұмысшыларының қатысуымен PEST талдау жүргізілді. Талдау жүргізу мақсатында келесі факторлар анықталды:

- Саяси факторлар (бизнес және еңбек саласындағы заңнама, жемқорлық және бюрократия, мемлекеттік органдар арасындағы қарым-қатынас, мемлекеттік басқару және реттеу соның ішінде бизнеске қатысты күшейтулер, ілеспе заңнамалардағы өзгерістер);

- Экономикалық факторлар (инфляциялық процесс, бизнес сектордың даму деңгейі, экономикадағы қысқа мерзідегі ең ықтимал өзгерістер, салық мөлшерлемелері, жеңілдіктер, ұлттық валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеме);

- Әлеуметтік-мәдени факторлар (азаматтардың жекелеген тобының әлауқатының жоғарылауы, халықтың әлеуметтік осал тобы арасындағы жұмыссыздықтың төмендеуі, әлеуметтік маңызы бар қызметтердің қолжетімдігі, негізгі құндылықтардың өзгеруі, бизнестің әлеуметтік белсенділігі);

- Технологиялық факторлар (негізгі технологиялық өзгерістер, қызмет көрсетудің балама тәсілдері, техникалық мамандар үшін өсу динамикасы, жаңа тауарлар мен қызметтер, ақпараттандыру деңгейі).


Ең алдымен жоғарыда көрсетілген факторлардың 1-ден 3-ке дейін аралықта ықпалы бағаланды. Содан соң басқарманың 4 қызметкері сарапшылар ретінде жұмылдырылып, факторлардың маңыздылығын 1-ден 5-ке дейін ұпаймен бағалау жүргізілді. Бағалаудың нәтижесі келесідей болды: саяси факторлардың ішінде ең маңыздысы – мемлекеттік басқару және реттеу соның ішінде бизнеске қатысты күшейтулер (орташа баға 4,5), экономикалық факторлардың ішінде – салықтық мөлшерлемелер, жеңілдіктер (орташа баға 5), әлеуметтік-мәдени факторлардың

ішінде – әлеуметтік маңызы бар қызметтердің қолжетімдігі (орташа баға 4,75), технологиялық факторлардың ішінде – қызмет көрсетудің балама тәсілдері (орташа баға 3,5). 1-қосымшада көрсетілгендей PEST талдаудың қорытындысы келесідей жасалды: әр фактор үшін фактордың өңірге және салаға әсері анықталды, фактордың теріс әсерін азайту және фактордың өңірдің инвестициялық климатына оң әсерін барынша арттыру үшін жүзеге асырылуы қажет іс-шаралар жоспарланды.

Әлеуметтік кәсіпкерліктегі ағымдағы ахуалға талдау жүргізу мақсатында зерттеу барысында Астана қаласы бойынша арнайы тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізілді (сұрақтар 2-қосымшада). Сауалнама кәсіпкерлердің пошталарына мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған сауалнаманы жолдау арқылы жүзеге асырылды. Сауалнамаға қатысу деңгейі – 100%, яғни 23 кәсіпкер.

ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАЛАРЫ





5-сурет – Сауалнаманың нәтижесі

Ескертпе – сауалнама негізінде автормен құрастырылған.


5-суретке сәйкес сауалнаманың нәтижесінде тізімге енген барлық әлеуметтік кәсіпкерлердің 30,5%-на қолдау көрсетілгені анықталды, соның ішінде қаржылай қолдау – 21,7%, қаржылай емес және инфрақұрылымдық қолдаулар – 4,4%-дан. Дегенмен қолдау шаралары көрсетілмеген кәсіпкерлер 2 есеге көп, олардың үлесі 69,5%-ды құрап отыр. Қолдау шараларының жеткіліксіздігін атап кеткен кәсіпкерлердің мәселелері мен ұсыныстары келесідей: «Қажетті ақпаратты табу қиыншылығы, пайыздық мөлшерлемесі төмен несиенің қажеттілігі. Осы бағытта жұмыс жасайтын жауапты қызметкерлерді даярлау, бюрократияны төмендету, жарнаманы көбейту. Уәде етілген жеңілдіктерді жай ғана лозунг ретінде емес, іс жүзінде беру. Қайтарымсыз грант байқауында басымдылық беру. Арзан қаржылық құралдар қарастыру. Салықтық жеңілдіктер мен гранттар беру».

«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өзінің ресми интернет парақшасында 2023 жылғы 14 ақпанда жариялаған мақаласына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерліктің даму қарқынының төмендігі мен өңірлердегі кәсіпкерлердің бұл

жаңа ұғым туралы ақпараттану деңгейінің төмендігіне байланысты ағымдағы жылы палатаның жанын әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қосымша комитет құрылғаны жарияланған.

Мақалада жарияланған мәліметке сүйенсек, бүгінгі күні ТМД елдері арасында кәсіпкерліктің аталмыш түрі Ресейде қарқын алуда, ал көршілес - Өзбекстан мен Қырғызстандағы жағдай біздің елдің деңгейінде екен.

Өз кезегінде, «Атамекен» палатасы Үкімет пен жеке сектордың арасындағы байланыстырушы көпір ретінде, сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамыту үшін құрылған үкіметтік емес институт ретінде әлеуметтік кәсіпкерліктің даму мәселелерін зерделеу мақсатында республика бойынша арнайы тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлер арасында талдау жүргізген.



б-сурет – «Атамекен» ҰКП жүргізген сауалнама нәтижесі.

Ескертпе – «Атамекен» ҰКП мәліметінің негізінде құрастырылған

б-суретке сәйкес сауалнамаға қатысқан әлеуметтік кәсіпкерлердің 60,8%-ы жергілікті әкімдіктердің қызығушылығының төмендігін атап өткен. Бұның бірден бір себебі БАҚ-тағы жарияланымдардың аз болуы. Сондықтан «Атамекен» палатасының бұл жұмысқа қосылуы өз септігін тигізеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік-экономикалық тұрғыда шешуге өз септігін тигізуге мүмкіндігі бар салалар өте көп. Соның ішінде мысал ретінде Қағидаларда көрсетілген әлеуметтік осал топқа жататын азаматтардың әл-ауқатын көтеру мақсатында жаңа жұмыс орындарын құру, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, кәмелет жасқа толмаған мүмкіндігі шектеулі балаларды асырап отырған ата-аналарға, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар және т.б. Мемлекеттің әлеуметтік кәсіпкерлікті

дамытудың алғышарттарының бірі болып халықтың тұрмыс деңгейін жоғарылату саналады. Осы арқылы мемлекет тарапынан кепілдендірілген әлеуметтік көмек көлемі азайып, босаған қаражат ресурстары даму бағытына жұмсауға мүмкіндік туады.

«Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығының 8-тармағына сәйкес ұйымдар үшін мүгедектігі бар азаматтарды жұмыспен қамту квотасы бекітілген:

- штат саны 50-ден 100 адамға дейінгі ұйымдар үшін 2% (1-2 аралығында);

- штат саны 101-ден 250 адамға дейінгі ұйымдар үшін 3% (3-8 аралығында);

- штат саны 251-ден артық адамы бар ұйымдар үшін 4% (10 және одан артық).

Егер мүгедектігі бар азаматтардың еңбек нарығындағы ұсыныстардың мүмкіндігін пайдалану кезінде бәсекеге қабілеттілігі төмен болатын болса, көпбалалы ата-ананың мүгедектігі бар азаматтардан жұмысқа орналасу мүмкіндігі жоғары екендігі белгілі. Осыған орай әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудағы негізгі мақсатының бірі болып, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) алушылардың тұрмыс деңгейін жақсарту мақсатында жұмыс орындарын құру.




7-сурет – Балалары бар үй шаруашылықтары

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

7-суретке сәйкес жанұялардағы балалар санының жыл сайын артып келе жатқанына көз жеткізуге болады. Егер базистік 2018 жылы 1 балалы жанұя 41%-ды құраса, 2021 жылы бұндай жанұялардың үлесі 2%-ға төмендеп, керісінше 3 және 4 баладан артық жанұялардың үлесі артқаны байқалады. Демографиялық тұрғыдан бұл тенденция оң әсерлі динамика болып саналады. Сонымен қатар бұл үрдістің жалғасуы аз қамтылған отбасылар қатарының өсу қаупі бар тәуекелді тудырады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2022 жылдың қорытындысы

бойынша республика бойынша АӘК алатын халықтың саны 775 388 адамды құраған, оның ішінде Астана қаласында 21 209 адам немесе 2,7%.



8-сурет – Астана қаласындағы АӘЖ алушылар

Ескертпе – [22] дереккөз негізінде автормен құрастырылған.

8-суретке сәйкес 2022 жылы 4319 жанұя немесе 21 209 адамға АӘК төлеу мақсатында бюджеттен Астана қаласына 2,1 млрд.теңге бөлінген. 2020 жылғы бөлінген қаражатпен салыстырғанда 19,2%-ға төмендеген. Алайда әлеуметтік көмек алушылардың ішіндегі көпбалалы жанұялардың үлесі артқаны байқалады. 2020 жылы 27%-ды құраса, 2022 жылы үлесі 31,6%-ға жеткен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес АӘК аз қамтылған отбасылар мен отбасының әрбір мүшесіне шаққандағы айлық орташа жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегінен 70% - дан төмен болатын адамдар үшін мемлекеттік жәрдемақы болып табылады. Қазақстан Республикасында кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы ретінде қабылданады.

2023 жылы бюджетпен күнкөріс деңгейі 40 567 теңге мөлшерінде бекітілді, тиісінше, кедейлік шегі орта есеппен 28 397 теңгеден аз кіріс болып есептеледі.

Әр аймақтың өзі тоқсан сайын азық-түлік себетінің құнына негізделген ең төменгі күнкөріс деңгейін анықтайды. Облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада кедейлік шегі әр түрлі және бір адамның өмір сүруіне қажетті минималды мөлшердің айырмашылығына байланысты сәл өзгеше. Кейбір өңірлерде көп, мысалы, Маңғыстау облысында, Астана, Алматы қалаларында ең жоғары, басқа облыстарда аз.

Кіріс АӘК үшін өтініш берілген тоқсанға дейінгі алдыңғы тоқсан үшін есептеледі. АӘК тек ақшалай нысанда төленеді және шартсыз және шартты

ақшалай көмекке бөлінеді. Бұл көмек тоқсан сайын тағайындалады, сәйкесінше құзыретті органға өтінім әр үш ай сайын беріледі.

Атаулы көмекті тағайындау қағидаларына сәйкес 2023 жылдан бастап 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға АӘК тағайындау кезеңінде кепілдендірілген әлеуметтік пакет шеңберінде қосымша 1,5 АЕК (5 175 теңге) төленетін болады. Бұрын мұндай көмек азық-түлік және тұрмыстық химия жиынтығы түрінде берілген, енді ай сайынғы ақшалай төлем түрінде ұсынылды.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы арқылы АӘК алушы көпбалалы отбасының жұмысқа қабілетті мүшесіне жұмыс орындарын ашу арқылы, осы жанұяның тұрмыс деңгейін жақсартып қана қоймай, мемлекеттік бюджетті үнемдеуге де қол жеткіземіз. Оның дәлелі ретінде 3-кестеде есептеулер келтірілген.

3-кесте – АӘК алушы көпбалалы отбасының бір жұмысқа қабілетті мүшесін жұмыспен қамтығандағы болжалды бюджеттік төлем көрсеткіштері.

| | Бала күтімін е жәрдемақы | Кедейлік шегі | жан басына шаққандағы кіріс | АӘК=Кед ейлік шегі -жан басына шаққандағы кіріс | Жалпы АӘК=АӘ К*адам саны | Жалақы 80 000 тг. болса | Жалақы 100 000 тг. болса | Жалақы 120 000 тг. болса |
|--|--------------------------|---------------|-----------------------------|---|--------------------------|-------------------------|--------------------------|--------------------------|
| Ата-ана және 4 бала | 55 304 | 28 397 | 9 217 | 19 180 | 115 077 | 35 077 | 15 077 | КШ <29217 |
| Ата-ана және 5 бала | 69 138 | 28 397 | 9 877 | 18 520 | 129 640 | 42 549 | 25 406 | 8 263 |
| Ата-ана және 6 бала | 82 973 | 28 397 | 10 372 | 18 025 | 144 202 | 48 152 | 33 152 | 18 152 |
| Егер 4 балалы 100 жанұя | | | | | 11 507 740 | 3 507 700 | 1 507 700 | - |
| Егер 5 балалы 100 жанұя | | | | | 12 964 030 | 4 254 900 | 2 540 600 | 826 300 |
| Егер 6 балалы 100 жанұя | | | | | 14 420 220 | 4 815 200 | 3 315 200 | 1 815 200 |
| Ескертпе – [2, 22] дереккөздер негізінде автормен құрастырылған. | | | | | | | | |

АӘК ұсыну қағидаларына сәйкес бала күтіміне орай мемлекеттен төленетін жәрдемақы жанұяның табыс көзі болып саналады. Бұл жәрдемақының табыс көзі ретінде есептеудің бір себебі – тұтынушылық несие алуға мүмкіндік беру. Сондықтан, АӘК тағайындаушы органдардың мәліметін негізге ала отырып, жан басына шаққандағы табыс мөлшерін санағанда тек бала күтіміне арналған жәрдемақының сомалары алынды. Көп жағдайда өтімінімдерде осы сомалар көрсетіледі.

Есептеулер кезінде ұсынылатын жалақылар мөлшері 80 мыңнан 120 мыңға дейін пессимистік болжам жасалды, өйткені 2022 жылы Қазақстан Республикасында медианалық жалақы көлемі 204,5 мың теңгені құраса, орташа жалақы мөлшері 246,9 мың теңгеге тең. Дегенмен, жаңа жұмыс орнының ашылуы оң әсерін тигізеді. 3 кестедегі сегізінші бағанада көрсетілгендей жалақы көлемі 80 мың теңгеге тең жұмыс орны төрт балалы отбасына төленетін жәірдемақы көлемін 35 мың теңгеге дейін азайтса, алты балалы отбасыға 48 мың теңгеге дейін азайтады. Дәл осындай төртбалалы жүз отбасының жұмысқа қабілетті мүшелеріне жұмыс орындарын ашу айына 8 млн. теңгеге дейін үнемдеуге қол жеткіздіреді. Осылайша, құрылатын жұмыс орындарының жалақысы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым отбасылардың тұрмыс деңгейі жоғарылап, мемлекет үнемделген қаражаттарды басқа даму жолдарына жұмсауға мүмкіндік алады.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің арнайы тізімін жүргізу қағидасына сәйкес әлеуметтік топтың құрамына қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар да жатады. Бас бостандығын айыру орындарынан босатылған азаматтарға алғашқы көмек берумен айналысатын «Реабилитационные технологии и концепции» ҚҚ-ның меңгерушісі О.М. Құлжабаеваның мәліметіне сәйкес 2020-2022 жылдар аралығында өз жазасын өтеп шыққан астаналықтардың саны 2 193 құрайды. 4-кестеге сәйкес аталған азаматтар да жұмыспен қамту мәселесін шешуді талап етеді.


4-кесте – Бостандықтан айыру орындарынан босатылған азаматтар.

| | 2020 жыл | 2021 жыл | 2022 жыл |
|--|------------|------------|-------------|
| Бостандықтан айыру орындарынан босатылған адамдар саны | 405 | 863 | 925 |
| Соның ішінде еңбекке қабілетті | 116 | 263 | 326 |
| Соның ішінде жұмыспен қамтылғандар | 57 (49,1%) | 263 (100%) | 280 (85,9%) |
| Ескертпе – «Реабилитационные технологии и концепции» ҚҚ-нің мәліметіне сәйкес автормен толтырылған | | | |

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, бостандыққа шыққан жұмысқа қабілетті азаматтарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету 2021 жылы жақсы жүргізілген. 2020 мен 2022 жылдардағы жұмыспен қамты нәтижелеріне сәйкес бүгінгі күні жұмыссыз жүргендер аз емес. Бұл мәселенің туындауы осы азаматтардың және олардың отбасының әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізеді.

Кәсіпкерліктің бұл жаңа бағытын дамыту арқылы әлеуметтік осал топқа жататын азаматтарды жұмыспен қамтудан басқа қызмет салаларына да тиетін оң әсерлерді айтуға болады. Соның ішінде білім беру саласы. Соның ішінде ерекше назар аударылатын бөлігі мектепке дейінгі білім беру. Өйткені демографиялық өсімнің арқасында мектепке дейінгі ұйымдардағы бос орынға деген сұраныс артуда. Егер сұранысты қанағаттандырмаған жағдайда, жұмысқа қабілетті ата-

ананың бірі жұмыссыз қалуы мен келешек ұрпақты жеткіліксіз білім деңгейін алу қаупі бар. Астана қаласының білім басқармасының мәліметіне сәйкес қалада 432 мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызмет етуде. Ондағы тәрбиеленушілердің саны 58 128 баланы құрайды. Жалпы мектепке дейінгі дайындық сыныптарды қоса алғандағы тәрбиеленушілердің саны 60 203 баланы құрайды.



9-сурет – Астана қаласының мектепке дейінгі білім беру саласындағы көрсеткіштер

Ескертпе – Астана қаласы білім басқармасының мәліметіне сәйкес автормен құрастырылған.

9-сурке сәйкес 102 мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру орталықтарында орташа есеппен 344 бала тәрбиеленеді, ал жеке сектордағы ұйымдарда бұл көрсеткіш шамамен 76 баланы құрайды. Орташа көрсеткіштің мәнін негізге ала отырып, дефицит орындарды жою үшін кем дегенде 314 жекеменшік білім орындарын құру қажет. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес республика көлеміндегі балалар санының өсу қарқыны 2020 жылы – 102,8%, 2021 жылы – 101,3%, 2022 жылы – 101,3% құраған. Демографияның өсу қарқыны мен қазіргі күндегі дефицитті ескере отыра бұл бағытқа жеке сектордың қарқынды араласуына мүмкіндік беру қажет.

Зерттеу тақырыбы аясында мәселенің өзектілігіне дәлелдеме ретінде көпбалалы жанұяның еңбекке қабілетті мүшесін жұмыспен қамту мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын көбейту қарастырылды. Қағидаларға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлердің I және II санатындағы кәсіпкерлер әлеуметтік осал топқа жататын азаматтарды жұмыспен қамту мен пайда табуға мүмкіндік беру сияқты мәселелерді шешеді. Ал III және IV санаттағы кәсіпкерлер әлеуметтік осал топқа жататын азаматтардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау, сонымен

бірге білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, қоршаған орта, спорт сияқты салаларда қызмет көрсетумен айналысады.

2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберіндегі әлеуметтік кәсіпкерлікті қаржылай қолдау шарасы ретінде арнайы тізімге енген кәсіпкерлердің екінші деңгейдегі банктен арналған несиелерінің пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау арқылы 7%-ға дейін төмендету қарастырылған. Бұл өзге дәстүрлі кәсіпкерлердің несиелік мөлшерлемесімен салыстырғанда 1%-ға төмен. Ағымдағы несиелік нарығындағы жағдайды ескеретін болсақ, атап айтқанда, Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі 16,75% деңгейінде сақтауына орай, жеңілдетілген несиелік айтарлықтай төмен. Алайда әлеуметтік кәсіпкерліктің басты миссиясы пайда табу емес, әлеуметтік мәселелерді шешуге жеке сектордың үлес қосуын ескеретін болсақ, мемлекет тарапынан бұдан бөлек жеңілдетілген қаржы ресурстары қажет екені анық.

Бұдан бөлек, ұлттық жоба шеңберінде шағын бизнес субъектілерінің жаңа бизнес идеяларын іске асыру үшін қайтарымсыз 5 млн. теңгеге дейін гранттар беріледі. Әр өңір өз бюджеті есебінен жыл сайын кем дегенде бір іріктеу конкурсын өткізеді. Ағымдағы жылға дейін жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін грант беру қағидаларына сәйкес әлеуметтік осал топтағы бизнес субъектілері үшін жеңілдіктер берілді, соның ішінде: жобаны жүзеге асыру үшін кәсіпкер өз тарапынан қаражат жұмсауы, идеяның жаңашылдығы қажет етілмеуі. Ең басты жеңілдік – грант ұсынуға бөлінген қаражаттың кем дегенде 20%-ы әлеуметтік осал топтағы кәсіпкерлерге берілу талабы. Ағымдағы жылдың басында қағидаларға өзгерістер енгізіліп, әлеуметтік осал топтағы кәсіпкерлерге арналған жеңілдіктер алынып тасталды, сондай-ақ, бұдан әрі гранттар жеке кәсіпкерлік түрінде тіркелген кәсіпкерлерге берілетін болды.

Жоғарыда мазмұндалғанға сәйкес және әлеуметтік кәсіпкерліктің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан маңыздылығын ескере отырып, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру мақсатында келесі шаралар ұсынылады:

1. 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберіндегі жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға қайтарымсыз грант беру қағидаларына Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы

№ 64 қаулысымен өзгерістер енгізілген, соның ішінде әлеуметтік кәсіпкерлер үшін мынадай жеңілдіктер қарастырылған:

- гранттар жеке кәсіпкерлік түрінде тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілетініне қарамастан, әлеуметтік кәсіпкерлер үшін ондай шектеулер жоқ. Яғни тізімге енген кез келген ұйымдық-құқықтық формада тіркелген кәсіпкерлер конкурсқа қатыса алады;

- әлеуметтік кәсіпкерлер ұсынған жобалар бойынша экономиканың салалық шектеулері жоқ.

Қарастырылған жеңілдіктерге қарамастан, әлеуметтік кәсіпкерлердің ұсынатын бизнес жобаларының жалпы үміткер кәсіпкерлердің жобаларымен салыстырғандағы салықтық төлемдер мен кіріс мөлшерлері аз болғандықтан, осы мақсатқа бюджеттен қарастырылған қаражаттың кем дегенде 20 %-ын әлеуметтік кәсіпкерлерге бағыттауды міндеттеу. Осы жеңілдікті қарастыратын редакция қағидаға енгізу үшін әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі болып саналатын Үкіметтің «Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы» 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1060 қаулысына толықтыру енгізу қажет.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Салауатты қоғам» атты Жолдауында берген тапсырмаға сәйкес 21 мен 35 жас аралығындағы жастарды кәсіпкерлік ортаға тарту және бизнесін дөңгелетуге қолдау көрсету мақсатында ағымдағы жылдан бастап микро несиелер беріле бастады.

Несиенің негізгі шарттары:

- микрокредит мерзімі – 5 жылға дейін, мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін микрокредит мерзімі 7 жылға дейін;
- микрокредиттің ең жоғары сомасы - 5 млн. теңгеге дейін;
- номиналды сыйақы мөлшерлемесі-жылдық 2,5%-дан аспайды;
- кепілмен қамтамасыз ету;
- негізгі борышты және сыйақыны өтеу жөніндегі жеңілдік кезеңі микрокредит беру мерзімі ұзақтығының 1/3 бөлігінен аспайды;
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес сенім білдірілген өкілге (агентке) микрокредит алуға өтініш білдірген кезде дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі бес жылдан кем кәсіпкерлер.

Әлеуметтік саладағы бірнеше бағыттағы мәселерді шешуге өз үлесін қосатындығын ескере отырып, аталған жеңілдетілген несие алушылар тізіміне жас кәсіпкерлерден басқа арнайы тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлерді қосуды қарастыру. Бұл ұсынысты жүзеге асыру үшін әзірлеушісі Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болатын «Кәсіпкерлік бастамашылыққа жәрдемдесу жөніндегі шараларды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 7 ақпандағы № 47 бұйрыққа толықтыру енгізу қажет.

Қорытынды

Жобада зерттеу тақырыбы аясындағы өзекті мәселелер көрсетіліп, Астана қаласы мысалында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру үшін

тәжірибелік ұсынымдар ұсынылды. Ұсынымдарды әзірлеу мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

1. Әлеуметтік кәсіпкерліктің әлемдегі жай-күйі мен алдыңғы қатардағы халықаралық тәжірибеге шолу жасалды. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымының шығу отаны АҚШ болғандықтан болар, бұл ел «Thomson Reuters Foundation» халықаралық рейтингтік агенттігімен әзірленген сараптамалық рейтингте көшбасшы атанған. Дегенмен Еуропа елдерінде де бұл кәсіпкерліктің бағыты қарқынды дамып келеді. Сол себепті Қазақстан Республикасымен салыстыру мақсатында халықаралық тәжірибе зерделеніп, «американдық», «еуропалық», «ТМД елдері» модельдеріне топтастырылып сипатталды. Модельдерге бөліп топтасыру арқылы мемлекет тарапынан іске асырылып жатқан шаралар мен жеке сектордың қатысуымен жүзеге асырылып жатқан бастамалардың ұқсастығы мен ерекшеліктерін айқындауға қол жеткізілді.

2. «Әлеуметтік кәсіпкерлік» жаңа термині Қазақстанда жақында пайда болды, оның мәртебесі 2021 жылы заңнамалық актілерге толықтырулар енгізу арқылы бекітілді, бұл ретте терминді ресми қолдану 2022 жылғы 1 қаңтардан басталды. Бұл кәсіпкерлік бағытты дамыту мақсатында Кәсіпкерлік Кодексіне енгізу арқылы қолдау шаралары айқындалды. Құзыретті мемлекеттік органдар осы нормаларды орындау үшін нормативтік актілерге сәйкесінше өзгерістер енгізуде. Алайда әлеуметтік кәсіпкерліктің даму қарқыны төмен екеніне статистикалық мәліметтер дәлел. Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес 2021 жылы Астана қаласының экономикасындағы ШОБ-тың үлесі 59 %-ды құраған. Былтырғы жылы елордада жұмыс істеуші ШОБ-тың саны 204 мың бірлікті құраса, соның ішіндегі арнайы тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлердің үлесі небәрі 0,012% құраған. Тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлердің арасында өткізілген сауалнаманың нәтижесінде кәсіпкерлердің өз кәсібін дамытуға ынтасы бар екені, алайда бүгінгі күні қолдау шараларының қолжетімділік деңгейі тиісті шамада еместігі және жеткіліксіздігі анықталды.

3. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба мен бағдарламалар шеңберіндегі ШОБ-ты қолдау шаралары қаржылай және қаржылай емес боп бөлінеді. Қаржылай қолдау мемлекеттік органдар мен оларға бағынысты институттармен жүргізілсе, қаржылай емес қолдау ператоры – «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. Ағымдағы жағдайды зерттеу барысында әлеуметтік кәсіпкерлікті насихаттау мен дамытуға «Атамекен» палатасының әлеуетін пайдаланудың мағыздылығына назар аударылды.

Мемлекеттік функцияларды барынша бәсекелестік ортаға беру нәтижесінде кәсіпкерліктің экономикадағы маңызы артуда. Нарықтық экономиканың дамуы кәсіпкерлік субъектілеріне жаңа мүмкіндіктер ашып, коммерциялық қызметтерді одан әрі дамытуға негіз болуда. Мемлекет тарапынан жасалыр жатқан жеңілдіктерді пайдана отырып, кәсіпкерлердің әлеуметтік мәселелерді шешуге ат салысуы өте маңызды деп есептейміз. Дәлелдеме ретінде әлеуметтік кәсіпкерлер

шешетін келесі мәселелер қарастырылды: әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға жұмыс орындарын құру мен мектепке дейінгі білім беру орындарындағы тапшылықты азайту. Осы үшін ведомстволық мәліметтердің көмегімен есептеулер жасалып, болжамдар жасалды. Мысалы, Астана қаласында 2022 жылы 4319 жанұя немесе 21 209 адамға АӘК төлеу мақсатында бюджеттен 2,1 млрд.теңге бөлінген. 2020 жылғы бөлінген қаражатпен салыстырғанда 19,2%-ға төмендеген. Алайда әлеуметтік көмек алушылардың ішіндегі көпбалалы жанұялардың үлесі артқаны байқалады. 2020 жылы 27%-ды құраса, 2022 жылы үлесі 31,6%-ға жеткен. Білім басқармасының мәліметіне сәйкес 102 мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру орталықтарында орташа есеппен 344 бала тәрбиеленеді, ал жеке сектордағы ұйымдарда бұл көрсеткіш шамамен 76 баланы құрайды. Орташа көрсеткіштің мәнін негізге ала отырып, тапшы орындарды жою үшін кем дегенде 314 жекеменшік білім орындарын құру қажет.

Қорытындылай келе, халықтың кейбір топтардағы азаматтардың әл ауқатын арттыруға, табыстылық жағынан төмен әлеуметтік маңызы бар мәселерді шешуге орасан зор септігін тигізетін әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуды жандандыру қажет екенін атап өту жөн. Осыған орай, жүргізілген зерттеулер мен талдаулардың қорытындысын негізге ала отырып, мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грантқа бөлінетін қаражаттың кем дегенде 20%-ын тізімге енген әлеуметтік кәсіпкерлерге бағыттау және биылғы жылдан бастап 2,5%-бен берілетін жеңілдетілген несиелердің қатысушы ретінде 35 жасқа дейінгі жас кәсіпкерлерден бөлек әлеуметтік кәсіпкерлерді қосу мүмкіндігін қарастыру ұсынылады.

Жалпы, әлеуметтік мәселелерді шешу жолындағы мемлекет пен жеке сектордың бірлесіп ынтымақтасуы бәсекелістік ортаны дамыта отыра, әлеуметтік-экономикалық ахуалға оң әсерін тигізуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- 1 День микро-, малых и средних предприятий // Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми сайты. – URL: <https://www.un.org/ru/observances/micro-small-medium-businesses-day>. Жүгінген күні: 26.12.2022
- 2 Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. // Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375>. Жүгінген күні: 15.01.2023
- 3 Anthony Brewer. Richard Cantillon. Pioneer of economic theory. – London, 1992. – 26-35 б.
- 4 Сэй Ж. Б. Трактат по политической экономии. – Москва, 2007. – 56-58 б.
- 5 Основы предпринимательства. // Учебное пособие Ряжского дорожного техникума имени Героя Советского Союза А.М. Серебрякова. – Ряжск, 2018. – 19 – 25 б.
- 6 Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі // Сөздік-словарь. – Алматы, 2007. – 344 б.
- 7 Джордж Ритцер, Джеффри Степници. Әлеуметтану теориясы // SAGE Publication, 2018. 516-525 б.
- 8 Әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз не? // Латвияның әлеуметтік кәсіпкерлік қауымдастығы. – URL: www.sua.lv. Жүгінген күні: 19.01.2023
- 9 Шипунова Т.С., Казанцева С.Ю. Государственно-частное партнерство как форма социального предпринимательства // Russian Journal of Entrepreneurship. ISSN 1994-6937. – Москва, 2018. – № 4 - 19 том. – 908-918 б.
- 10 Борнштейн Д. Как изменить мир: Социальное предпринимательство и сила новых идей. – Москва: Альпина паблишер, 2012. – 20-35 б.
- 11 Хасанова Г.Н. Зарубежный опыт регионального развития социального предпринимательства на примере Канады // Региональная экономика: теория и практика. – Казань, 2018. – №12 - 16 том. – 2237-2248 б.
- 12 Гришина Я.С.. Американский и Европейский опыт социального предпринимательства: сравнительно-правовая характеристика // Вестник Санкт-Петербургского университета. – Санкт-Петербург, 2013. – 60-73 б.
- 13 Статистика социальных предприятий в США и Великобритании: борьба за первое место // Бюллетень центра социального предпринимательства и социальных инноваций НИУ ВШЭ. – Москва, 2019. – №10. – 11-12 б.
- 14 Кадол Н.Ф. Развитие социального предпринимательства в странах Северной Америки: опыт Канады // Креативная экономика. – Москва, 2020. – № 8 -14 том. – 1665-1678 б.
- 15 Carlo Borzaga, Giulia Galera, Barbara Franchini, Stefania Chiomento, Rocío Nogales and Chiara Carini. Social enterprises and their ecosystems in Europe. Comparative synthesis report // Publications Office of the European Union. – URL: <https://op.europa.eu>. Жүгінген күні: 28.02.2023

16 Social Enterprises in Italy. Country report // Social enterprises on the Move. – URL: https://fabmove.eu/country_report/social-enterprises-in-italy. Жүгінген күні: 28.02.2023

17 Our history // Website of Big Society Capital. – URL: www.bigsocietycapital.com. Жүгінген күні: 5.03.2023

18 Кулькова В.Ю., Дадаева Я.Ш.. Финансирование социального предпринимательства: Опыт Великобритании // Вестник ЮУрГУ. – Челябинск, 2018. – № 4 – 12 том. – 164-170 б.

19 Яхнеева И.В., Павлова А.В. Социальное предпринимательство в России: состояние, факторы влияния, перспективы // Экономика, предпринимательство и право. – Москва, 2021. – 11 том. – 1485-1496 б.

20 Ашимов Н.М. Международный опыт развития социального предпринимательства: возможности адаптации в Республике Казахстан (на примере города Астаны) // XII Международная научно-практическая конференция на тему «Наука и образование в современном мире: вызовы XXI века». – Астана, 2023. – 3 том. – 70-78 б.

21 Жохова В.В. Социальное предпринимательство: сущность и понятие // Экономика и управление. – Москва, 2016. – 85-90 б.

22 Ұлттық статистика бюросы // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. – URL: <https://stat.gov.kz>. Жүгінген күні: 15.04.2023.

1-қосымша

1-кесте - Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне PEST-талдау

| Фактордың сипаттамасы | Фактордың ықпалы | Эксперттік бағалау | | | | Орташа бағасы | Салмаққа түзетілген баға/Оценка с поправкой на вес |
|---|------------------|--------------------|---|---|---|---------------|--|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| САЯСИ ФАКТОРЛАР | | | | | | | |
| Бизнес және еңбек саласындағы заңнама | 3 | 4 | 5 | 3 | 3 | 3,75 | 0,27 |
| Жемқорлық және бюрократия | 2 | 3 | 4 | 2 | 2 | 2,75 | 0,13 |
| Мемлекеттік органдар арасындағы қарым-қатынас | 1 | 2 | 2 | 1 | 2 | 1,75 | 0,04 |
| Мемлекеттік басқару және реттеу (бизнеске қатысты күшейтулер) | 3 | 4 | 5 | 5 | 4 | 4,5 | 0,33 |
| Ілеспе заңнамалардағы өзгерістер | 2 | 2 | 3 | 1 | 3 | 2,25 | 0,11 |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР | | | | | | | |
| Инфляциялық процесс | 1 | 1 | 2 | 2 | 1 | 1,5 | 0,04 |
| Бизнес сектордың даму деңгейі | 3 | 4 | 5 | 5 | 5 | 4,75 | 0,35 |
| Экономикадағы қысқа мерзідегі ең ықтимал өзгерістер | 2 | 3 | 3 | 4 | 3 | 3,25 | 0,16 |
| Салық мөлшерлемелері, жеңілдіктер | 3 | 5 | 5 | 5 | 5 | 5 | 0,36 |
| Ұлттық валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеме | 2 | 4 | 3 | 3 | 3 | 3,25 | 0,16 |
| ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФАКТОРЛАР | | | | | | | |
| Азаматтардың жекелеген тобының әлауқатының жоғарылауы | 2 | 3 | 3 | 2 | 4 | 3 | 0,15 |
| ХӘОТ арасындағы жұмыссыздық | 3 | 4 | 5 | 4 | 3 | 4 | 0,29 |
| Әлеуметтік маңызы бар қызметтердің қолжетімдігі | 2 | 5 | 4 | 5 | 5 | 4,75 | 0,23 |
| Негізгі құндылықтардың өзгеруі | 1 | 2 | 1 | 3 | 2 | 2 | 0,05 |
| Бизнестің әлеуметтік белсенділігі | 2 | 3 | 4 | 4 | 3 | 3,5 | 0,17 |
| ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР | | | | | | | |
| Негізгі технологиялық өзгерістер | 1 | 1 | 1 | 1 | 2 | 1,25 | 0,03 |
| Қызмет көрсетудің балама тәсілдері | 3 | 3 | 4 | 4 | 3 | 3,5 | 0,26 |
| Техникалық мамандар үшін өсу динамикасы | 1 | 1 | 1 | 2 | 1 | 1,25 | 0,03 |
| Жаңа тауарлар мен қызметтер | 2 | 4 | 3 | 3 | 4 | 3,5 | 0,17 |
| Ақпараттандыру деңгейі | 2 | 3 | 2 | 3 | 3 | 2,75 | 0,13 |
| Жалпы сомасы | 41 | | | | | 62,25 | |

1-кестенің жалғасы

| Фактордың сипаттамасы | Фактордың өңірге ықпалы | Әрекеттер |
|-----------------------|-------------------------|-----------|
|-----------------------|-------------------------|-----------|

| САЯСИ ФАКТОРЛАР | | |
|---|---|--|
| Мемлекеттік басқару және реттеу (бизнеске қатысты күшейтулер) | Кез келген мемлекеттің дамытушы драйвері - шағын және орта бизнес. Сондықтан бизнесті мемлекет тарапынан басқару және реттеу деңгейі оның даму қарқынына әсер етеді. Мемлекет тарапынан реттеу тетіктерінің артуы, бизнестің дамуына кері әсерін тигізеді | ҚР Үкіметі мен "Атамекен" кәсіпкерлер палатасы бірлесіп жасап жатқан реформада, яғни бизнесті "таза парақтан" атты реформада бұған үлкен мән беру қажет. Әлеуметтік кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген реттеу тетіктерін анықтау мақсатты, өйткені бұл саладағы кәсіпкерлердің бірінші мақсаты әлеуметтік мәселелерді шешу |
| Бизнес және еңбек саласындағы заңнама | Әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымы жаңадан енуіне байланысты бизнес және еңбек саласын реттейтін заңнамаларда қажетті нормалар жоқ. Бұл дегеніміз осы санатқа әлеуетті кәсіпкерлердің тізімге ену қызығушылығын төмендетеді | Бизнес және еңбек қатынастары саласындағы мемлекеттік құзырлы органдары бірлесіп кодекстер мен заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуі өажет |
| Жемқорлық және бюрократия | Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бөлінетін ресурстардың мақсатты жұмсалуды өте маңызды. Сондықтан кез келген кезеңде мемлекеттік органның бастап, жеке сектордағы операторларға, қолдау алатын кәсіпкерлерге дейін жемқорлық тәуекелін басқара отырып, ресурстарды дұрыс қолданған жөн. Сонымен бірге бюрократия дамуды тежейді. | Реттеу тетіктері мен заңнамаларға толықтырулар енгізгенде бюрократияны күшейтуге жол бермеу қажет. Сонымен бірге жемқорлық үшін жауапкершілікті, айыппұлды және т.б. күшейті қажет. |
| Ілеспе заңнамалардағы өзгерістер | Кодекстер мен заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізгенімен кейбір иерархия бойынша төмен тұрған нормативтік актілерге өзгерістер енгізілмейді. Кез келген норманы жүзеге асыру ережелерге сәйкес жүргізіледі. Егер осы ережелерге уақытылы енгізілмесе бұл дамуды тежейтін фактор | Үкімет пен "Атамекен" кәсіпкерлер палатасы бірлесіп нормативтік актілерге ревизия жасау қажет. Осы арқылы барлық ережелер мен қағидаларды сәйкестендіру |
| Мемлекеттік органдар арасындағы қарым-қатынас | Әр мемлекеттік органның басқаратын және реттейтін салалары әр түрлі. Алайда кәсіпкерлік барлық салаларды қамтиды. Осы мемлекеттік органдардың арасында қажетті қарым-қатынас болмаса, әлеуметтік кәсіпкерліктің жуық арада дамуы екіталай | менің ойымша әр мемлекеттік органның бірінші басшысы орынбасарының деңгейінде жауапты тұлғаларды тағайындау қажет. Мысалы, әр меморганда цифрландыруға жауап беретін орынбасарлар бар |
| ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР | | |
| Салық мөлшерлемелері, жеңілдіктер | Салықтық ауыртпашылықтарды азайту мен жеңілдіктер ұсыну әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың басты факторы. Осы арқылы кәсіпкерлерді және кәсіпкерлікке қызығушылығы бар адамдарды осы салаға тартуға болады | әлеуметтік кәсіпкерлік санаттарына салықтық жеңілдіктер енгізу мақсатында салық кодексіне толықтырулар енгізу |
| Бизнес сектордың даму деңгейі | Дамыған бизнес орта - бәсекелестікті тудырады. Бұл дегеніміз белсенді, тәжірибесі мол кәсіпкерлердің әлеуметтік кәсіпкерлік нысандарын ашуға мүмкіндік береді | Әр өңірде тұрақты негізде белсенді кәсіпкерлермен кездесілер өткізу. Оларды әлеуметтік кәсіппен айналасуға шақыру |

1-кестенің жалғасы

| | | |
|--|--|---|
| Ұлттық валюта бағамы мен пайыздық мөлшерлеме | Кез келген бизнес үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігі маңызды. Сонымен қатар өзге елдермен қарым-қатынас жүргізетіндер үшін валюта бағамының тұрақтылығы қажет. | Инфляцияның қарқынына сәйкес пайыздық мөлшерлеме өсуде. Бұл дамуға кері әсерін тигізеді. Сондықтан әлеуметтік кәсіпкерлерге субсидиялардың арнайы түрін енгізу қажет деп санаймын |
| Экономикадағы қысқа мерзімдегі ең ықтимал өзгерістер | Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін кәсібінің болашағы өте маңызды. Тіркеуден бастап үш жылға дейін ол ісін жаңа бастаған санатына жатады. Мұндай кәсіпкерлер өте көп. Сондықтан экономикаға олардың бере әсері hте жоғары | Ұлттық экономика министрлігі немесе стратегия жөніндегі Агенттік деңгейінде бизнесті толғандыратын көрсеткіштер бойынша қысқа мерзімдік болжамдарды жариялауды жүзеге асыру |
| Инфляциялық процесс | Тауар және қызметтердің өзгеруі инфляцияға әсер етеді. Бұл процесс тұрақтылықты бұзады | Мемлекет тарапынан инфляцияны тежейтін қызметтер жүргізу |
| ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ФАКТОРЛАР | | |
| ХӨОТ арасындағы жұмыссыздық | Әлеуметтік осал топқа кіретін азаматтардың жұмыссыздық деігейі саяси әлеуметтік ахуалға кері әсерін тигізеді. Шерулер жиі hткізіледі және т.б. | Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің бірінші санатына кіретіндерді көбейту. Оларға мемлекет тарапынан қолдауларды күшейту қажет |
| Әлеуметтік маңызы бар қызметтердің қолжетімдігі | Әлеуметтік саладағы қызметтерді атқаратын ұйымдардың арасында жеке сектордың үлесі өте аз және олардың құны өте жоғары | Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту арқылы олардың арасында бәсекелестікті тудыруға болады. Осы арқылы қызметтер қолжетімді және арзан болады |
| Бизнестің әлеуметтік белсенділігі | Бүгінгі күні кәсіпкерлердің арасында бұл санатқа енудің ұызығушылығы аз, жоққа жақын. Жеке кәсіпкерлердің тек өз басын ойлауы әлеуметтік мәселелерді шешуге мүмкіндік бермейді | Мемлекет тарапынан қолдау шаралары, салықтық жеңілдіктер сияқты тетіктер бұл белсенділікті арттырады |
| Азаматтардың жекелеген тобының әл-ауқатының жоғарылауы | Қазір статистика орташа жалақыны ғана көрсетеді, дегенмен жалақылары төмен деңгейдегі азаматтар өте көп. Оның басым бөлігі әлеуметтік осал топқа енетін азаматтар. Бұл әлеуметтік-экономикалық дамуды тежеуші фактор | әлеуметтік кәсіпкерлердің әлеуметтік осал топтағы азаматтары үшін жаңа бәсекеге қабілетті жұмыс орындарын ашуы бұл мәселені шешеді |
| Негізгі құндылықтардың өзгеруі | Бизнес субъектілері арасында жалпы ұлттың мәселесін шешетін құндылықтардың болмауы әлеуметтік мәселелердің өрбуіне әкеліп соғады | бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кәсіпкерлердің сана сезіміне әлеуметтік мәселелердің маңыздылығын және оларды шешудің |
| ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР | | |
| Қызмет көрсетудің балама тәсілдері | Технологияның дамуына байланысты кейбір қызметті автоматты түрде алуға немесе автоматтандырылған құрылғылардың көмегімен алуға болады. Бұл кейбір процесстерді жеңілдетеді | мемлекеттік органдардың арасындағы қарым-қатынасты күшейту арқылы жаңа технологиялды қолдану аясын кеңейту |
| Жаңа тауарлар мен қызметтер | Жаңа тауарлар мен қызметтер кейбір жасалып жатқан қызмет пен қолданыстағы тауарлардың ескіруіне әкеліп соғады. Бұл кәсіпкерлердің шығындарының өсуіне әкеледі. | мемлекет тарапынан қолдаулардың ішінде гранттар, субсидиялар сияқты тетіктер арқылы бұл міселені шешуге болады |

1-кестенің жалғасы

| | | |
|---|---|---|
| Ақпараттандыру деңгейі | Қазіргі таңда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған іс-шаралар туралы ақпарат өте аз. Кәсіпкерлер болып жатқан өзгертулерден бейхабар | Бұқаралық ақпарат құралдары, блогерлер, жиі өткізілетін жийындар, дөңгелек үстелдер сияқты шараларды күшейту |
| Негізгі технологиялық өзгерістер | Технологиялық өзгерістер кейбір тауар шығару мен қызмет көрсету процесстерін оңтайландырады | әлеуметтік кәсіпкерлер үшін құрал-жабдықтарды экспорттауға көмек көрсету |
| Техникалық мамандар үшін өсу динамикасы | Бұл фактордың әсері төмен. Өйткені әлеуметтік кәсіпкерлер қызмет көрсету саласында көп шоғырланады. Тек тауар шығарумен айналысатын кейбір санаттағы кәсіпкерлер үшін маңызды | Жоғарғы білім беру, қайта даярлау, жаңа кәсіп түріне үйреті сияқты мемлекеттік тапсырыспен жасалатын қолдауды күшейту |

2-қосымша

Сәлеметсіз бе!

Біздің сауалнамаға қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Бұл сауалнама әлеуметтік кәсіпкерліктің қазіргі жағдайын бағалау бойынша зерттеудің бір бөлігі болып табылады.

Сауалнама нәтижелері әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту тетігін жетілдіру шараларын әзірлеуге көмектеседі..

Барлық ақпарат құпия түрде (жасырын түрде) қаралады және тек ғылыми мақсаттарда пайдаланылады.

Осы тақырыпқа қатысты барлық сұрақтар бойынша Әшімов Нұржанмен байланысуға болады WhatsApp: +77475552721, email: n.ashimov@apa.kz

1. Сіздің ұйымыңыздың ұйымдық-құқықтық нысанын көрсетіңіз:

- A) жеке кәсіпкер
- B) жауапкершілігі шектеулі серіктестік
- C) қоғамдық бірлестік
- D) қайырылымдық/қоғамдық қор
- E) өзге

2. Жынысыңызды көрсетіңіз (ұйымның құрылтайшысы):

- A) ер
- B) әйел

3. Жасыңызды көрсетіңіз (ұйымның құрылтайшысы):

- A) 35 жасқа дейін
- B) 36-50 жас
- C) 51 жас және одан жоғары

4. Ұйымды тіркеген сәттен бастап қызмет мерзімін көрсетіңіз:

- A) 3 жылға дейін
- B) 3-5 жыл
- C) 5 жыл және одан жоғары

5. Сіз қандай бизнес саласында жұмыс істейсіз (Сіздің ұйым)?

- A) өңдеу өнеркәсібі
- B) білім беру
- C) денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер
- D) көтерме және бөлшек сауда
- E) тұру және тамақтану қызметтері
- F) өнер, ойын-сауық және демалыс
- G) қызметтердің басқа түрлерін ұсыну

Н) өзге

6. Сіздің ұйымыңыз шағын және орта бизнес субъектісінің қай санатына жатады?

А) микро кәсіпкерлік (жұмысшылар 15-тен артық емес; кіріс 30 000 АЕК-тен төмен)

В) шағын кәсіпкерлік (жұмысшылар 100-ден артық емес; кіріс 300 000 АЕК-тен төмен)

С) среднее предпринимательство (жұмысшылар 100-ден артық, бірақ 250-ден кем; кіріс 300 000 АЕК-тен артық, бірақ 3 000 000 АЕК-тен кем).

7. Сіз әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қай санатына жатасыз (Сіздің ұйымыңыз)?

А) 1

В) 2

С) 3

Д) 4

8. Әлеуметтік кәсіпкерлер тізіміне енгізілген сәттен бастап қандай мемлекеттік қолдау түрін пайдаландыңыз?

А) Қаржылық қолдау (жеңілдетілген несиелер, гранттар және т. б.)

В) Қаржылық емес қолдау (кеңес беру, оқыту және т. б.)

С) Инфрақұрылымдық қолдау (жалға берілетін үй-жай, инженерлік коммуникациялар және т. б.)

Д) Салықтар бойынша преференциялар

Е) Әлі жүгінген жоқпын

Ғ) Ешқандай

9. Әлеуметтік кәсіпкерлердің тізілімін жүргізуді қоса алғанда, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы кәсіпкерлердің хабардарлық деңгейін қалай бағалайсыз?

А) Жоғары

В) Орташа

С) Төмен

10. Алдағы 2-3 жылда бизнесіңізді кеңейтуді жоспарлап отырсыз ба?

А) ия

В) жоқ

С) мүмкін

11. Егер Сіз 10 сұрақта «В» (Жоқ) нұсқасын таңдасаңыз, себебін жазыңыз

12. Сіздің ойыңызша, әлеуметтік кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдаудың көзделген шаралары жеткілікті ме?

А) ия

В) жоқ

С) жауап беруге қиналамын

13. Егер Сіз 12 сұрақта «В» (Жоқ) нұсқасын таңдасаңыз, ұсыныстарыңызды жазыңыз: _____
